



№33

/Сәрсенбі/

15 тамыз 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙҒАҚ

МЕДИА



ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНАН СЕНАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Өткен аптада, Елбасы Шымкент қаласынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды тағайындау туралы Жарлыққа қол қойғаны белгілі.

2. ҚР Парламентінің Сенаты депутаттығына 2017 жылғы 28 маусымда сайланған депутаттардың өкілеттік мерзіміне кандидат ұсыну туралы.

Сессияның күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Шымкент қаласы мәслихатының 29 депутаты бірауыздан Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттығына 2014 жылғы 1



Шымкент қаласынан ҚР Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды өткізудің мерзімі 2018 жылдың 5-қазаны күні деп белгіленді. Осыған сәйкес, Бүгін Шымкент қаласы мәслихатының кезектен тыс 36-шы сессиясы өтті. Сессияға қала әкімі Ф.Өбдірахымов, Шымкент қаласының сайлау комиссиясының төрағасы, мүшелері, зиялы қауым және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессияның күн тәртібінде екі мәселе қаралды:

1. ҚР Парламентінің Сенаты депутаттығына 2014 жылғы 1 қазанда сайланған депутаттардың өкілеттік мерзіміне кандидат ұсыну туралы.

қазанда сайланған депутаттардың өкілеттік мерзіміне бұған дейін Шымкент қаласының әкімі, ОҚО әкімінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарған Дархан Сатыбалдыны кандидат ретінде ұсыну туралы шешім қабылдады.

Сессияның күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Шымкент қаласы мәслихатының 29 депутаты ҚР Парламентінің Сенаты депутаттығына 2017 жылғы 28 маусымда сайланған депутаттардың өкілеттік мерзіміне Шымкент қаласының мәслихатының 20 жылдай басқарған мәслихат хатшысы Нұрлан Бекназаровты кандидат ретінде ұсыну туралы бірауыздан шешім қабылдады.

БЕСІНШІ КАСПИЙ САММИТІ - ТЕІЗДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ІЛГЕРІЛЕТУГЕ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Ағымдағы жылдың 12-ші тамызы күні Мемлекеттер басшыларын қарсы алу рәсімінен соң, Нұрсұлтан Назарбаев және Әзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов бесінші Каспий саммитінің пленарлық отырысына қатысты.

Негізгі баяндама жасаған Қазақстан Президенті бұған дейін өткен Каспий саммиттерінің рөліне ерекше тоқталып, олардың келіссөз үдерісіне қажетті саяси серпіліс әкелгенін және қайшы ұстанымдар бойынша келісімге қол жеткізілгенін айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев Каспий өңірі тарихының бірегейлігін әрі мәдениетінің алуан түрлілігін, мұнда адам ресурстарының жеткілікті екенін және табиғи қордың молдығын, сонымен қатар, теңіздің географиялық тұрғыдан тиімді орналасуының арқасында зор геосаяси маңызға ие болып отырғанын атап өтті.

– Бүгінде Каспий маңы елдерінің әлеуеті зор және қарқынды дамып келе жатыр. Біздің елдеріміздегі тұрғындардың жалпы саны – 240 миллион. Осының бәрі Каспийге қатысты мәселелер кешені бірлесіп шешу қажеттігін тудырды, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Конвенцияның Каспий теңізінің суын, тұбиін, қазба байлықтарын, табиғи ресурстары мен әуе кеңістігін қоса алғанда, Каспийге қатысты тарап-

тардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін негізгі жан-жақты құжат болып саналатынын айтты. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Каспий маңы елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды болдырмау, әскери қызметтер мәселелеріне айрықша назар аударды.

Нұрсұлтан Назарбаев Конвенцияға қатысушы елдер қызметтерінің негізін қалайтын қағидаттарға ерекше тоқталып, соның ішінде Каспий теңізі аймағын бейбітшілік, тату көршілік және достық өңіріне айналдыру қажеттігін, оны бейбіт мақсатта пайдаланып, елдердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу керектігін, сондай-ақ, Каспий теңізінде тараптарға қатысты жоқ қарулы күштер болмауға тиіс екенін айтты.

Мемлекет басшысы Конвенцияның Каспий маңы елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға зор мүмкіндік беретініне тоқталып, осы бағыттағы бірқатар қосымша шараларды, сондай-ақ, инвестициялық ықпалдастықты одан әрі дамытып, энергетикалық және геологиялық барлау саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін, Конвенция мен қол қойылатын құжаттардың мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалану қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы көлік-транзит қуатын арттыру үшін тариф саясатын жетілдіріп, Конвенцияға қатысушы елдердегі тасымалдау жағдайын жақсартуды ұсынды.

– Каспий теңізінің керемет

экологиялық жүйесін сақтау үшін, биологиялық ресурстарды заңсыз кесіпке айналдырғандарға қарсы күрес жүргізу жөнінде арнайы құжат қабылдау қажет, – деді Елбасы.

Соңында Н.Назарбаев Конвенцияға және бірқатар екі жақты құжаттарға қол қою Каспий маңы мемлекеттерінің достық қарым-қатынастарын көрсететінін, сондай-ақ, бірлесіп тығыз ынтымақтастық орнатып, Каспий теңізіне ұқыптылықпен қарау керектігін айтты.

– Мен әріптестеріме – барлық елдің басшыларына, сондай-ақ, Конвенцияның әзірлеген арнайы жұмыс тобына өте маңызды жұмыс атқарғаны үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздер болмасаңыздар бүгінгі жетістікке жетпес едік. Ақтау саммитінің қорытындылары арқылы Каспий теңізіндегі жан-жақты іс-қимылдарымызды ілгерілетуге үлес қосылатын болады, – Қазақстан Президенті.

Саммиттен соң бес елдің басшылары бірге Ақтау қаласының теңіз жағалауы арқылы өтетін жаңа нысанды – «Жартас жолын» аралап көрді.

Бұл көрікті жерде петроглифтер бейнелеген, сондай-ақ мұнда жаяу жүргіншілерге арналған орындар, теңіз көрінісін тамашалауға арналған алаңдар мен табиғи үңгір орналасқан.

Мемлекет басшылары бірлесіп, қолдан өсірілген 500 ақсерке балығын теңізге жіберді.

Ақорда.

«АЙҒАҚ» ТЕЛЕАРНАСЫ

"Ұлы дала көші" жобасымен еліміздің солтүстік өңірлерінде

Оңтүстіктен Солтүстікке қоныс аударған азаматтардың тұрмыс-тіршілігін насихаттау, Түркістан облысы тұрғындарын Солтүстік өңірлерге көшуге ықпал жасауға және аталған облыстарда киелі жерлерге, тарихи тұлғаларға қатысты түсірілім барысымен танысып, жобаның мақсатын бірге талқылады.

Айта кетейік, түркістандық делегация құрамында "Айғақ" телеарнасының бас директоры, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Түркістан облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі Дулат Өбіш, жазушы, Шымкент қаласының Құрметті азаматы" Серік Жанәбіл, "Айғақ" телеарнасының редакторы Бағлан Байкөбекқызы бар.

Жалғасы 6-шы бетте

Тағайындау

Мақсат ҚОЖАБАЕВ -
Шымкент қаласының прокуроры

«ҚР Президентінің келісімімен ҚР Бас прокуроры Қ.Қожамжаровтың 2018 жылғы 9 тамыздағы бұйрығымен Шымкент қаласының прокуроры болып Мақсат Қожабаев тағайындалды», деп хабарлайды ҚР Бас прокурорының баспасөз қызметі.



1997 жылдан бастап қызмет етіп келеді. Өртүрлі жылдары аудан прокуроры және Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы мен Алматы қаласы прокурорының орынбасары лауазымында болды.

2012-2017 жылдар аралығында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінде Жамбыл және Батыс Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының басшысы қызметін атқарды.

2017 жылдың желтоқсан айынан бастап Жамбыл облысы прокурорының бірінші орынбасары.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудағы қосқан елеулі үлесі үшін Мемлекет бас-

М.Қожабаев Президенттік резервте облыс прокуроры лауазымында тұрған. Сондай-ақ, мегаполистің жаңа прокуроры бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысының прокуратура органдарында қызмет жасаған. Яғни, Оңтүстік Қазақстан облысының ауданы және облыс прокурорының орынбасары лауазымында болған.

М.А. Қожабаев 1974 жылы туған. Прокуратура органдарында

Мұрат ҚАРЫМСАҚОВ -

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бұйрығымен Мұрат Қарымсақов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шымкент қаласы бойынша департаменті басшысы болып тағайындалды.

Ол бұған дейін Жамбыл облысы бойынша департаментті басқарған. Мұрат Қарымсақов 1967 жылы 1 қаңтар күні Шығыс Қазақстан облысы, Зырянск қаласында туылған.

1994 жылы Ресей Федерациясының Федералдық қарсы барлау қызметі академиясын бітіріп, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінде әскери қызметін атқарған.

2014-2016 жылдары Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының Қызылорда облысы бойынша департаменттердің басшысы болған.

2016-2018 жылдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымын атқарған.

Ерлан ҚҰРБАНБАЕВ -
Қаратау ауданы әкімінің орынбасары

2018 жылғы 8 тамыз күні аудан әкімінің бұйрығымен Құрбанбаев Ерлан Нұрдуәлетұлы аудан әкімі орынбасары болып тағайындалды. Аудан әкімі И.Мұхитдинұлы аудан әкімі жаңа орынбасарын аппарат ұжымымен таныстырды. Жаңа аудан әкімі орынбасары ауданның



және бюджеттік жоспарлау басқармасының жетекші маманы болып бастаған.

2011 жылдан ҚР Премьер-Министрінің кеңесінің индустриалды-инновациялық даму бөлімінің бас сарапшысы.

2014 жылдан Алматы облысы, Қаратау ауданы әкімі аппаратының бас-

кәсіпкерлікті қолдау және әлеуметтік қорғауға қолдау көрсету салаларына басшылық ететін болады.

Еңбек жолын 2008 жылы Алматы қаласының экономика

шысы. 2017 жылдан СҚО әкімдігінің ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет атқарған.

МЕГАПОЛИСТІҢ 6 БАСҚАРМАСЫНА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Осы аптаның алғашқы күнінде Шымкент қаласы әкімдігінің аппаратында кадрлық ауыс-түйістер орын алды. Жаңадан құрылымдалған басқармаларға басшылар тағайындалды.



Атап айтсақ, жер қатынастары және жердің пайдалануы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы болып Агибаев Жәнібек Есенұлы тағайындалса,

энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы қызметіне Аманқұлов Нұрлан Әмірбекұлы келді.



Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы болып Дүйсенов Берік Тастанбекұлы тағайындалды.



Білім басқармасы басқармасының басшысы қызметіне Ақерке Абылайхан келсе,



ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының басшысы лауазымына Қаныбеков Асқар Сәкенұлы тағайындалды.



Ал, отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі басқармасы басшысының міндетін атқарушы болып Қалтаев Жандос Түлембекұлы тағайындалып отыр.



ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ АППАРАТЫНДА КАДРЛЫҚ АУЫС - ТҮЙІСТЕР ОРЫН АЛДЫ



Облыстық қаржы, экономика және облыс әкімі аппаратында қызмет атқарған Асылбекова Гүлнұр Нұрбекқызы Шымкент қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымына жайғасты.



Шымкент қаласы әкімі аппаратының Қазақстан Халықтары Ассамблея хатшылығының басшысы қызметіне Қалмұратов Мұратәлі Оразәліұлы тағайындалды.

Соңғы 4 жыл бойы Түркістан облысы әкімі аппаратының

Қазақстан Халықтары Ассамблея хатшылығының басшысы қызметін атқарған.



Катаев Нұржан Жолымбекұлы болса, бұдан былай «Ордабасы» футбол клубының президенті болып қызмет атқарады.

Еліміздің үшінші мегаполисі атанып отырған Шымкент қаласы жаңа тағайындаулармен жаңа леп алып келетініне сенімдеміз.

Жаңа лауазым иелеріне жұмыстарына толағай табыс тілейміз!

Бұл аптада кімдер туылған?

15.05.1972 ж.
Бауыржан Сейітжанов
Шымкент қалалық мәслихатының депутаты, «Стандарт цемент» ЖШС-нің директоры

15.08.1973 ж.
Болатбек Қыстауов
Шардара ауданының әкімі

16.08.1950 ж.
Аяған Сандыбай
Қазақстан Журналистер академиясының академигі

16.08.1963 ж.
Қайрат Шәріпбаев
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ басқарма төрағасы

17.08.1971 ж.
Әсет Исекешов
Астана қаласының әкімі

20.08.1971 ж.
Марат Тасмағанбетов
Петропавл қаласының әкімі

20.08.1959 ж.
Жарылқасын Нұралиев
«Тараз Times» газетінің бас редакторы

20.08.1954 ж.
Әліпбек Өсербаев

Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНДА ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Нұрғалым ӘБДІРОВ -

Түркістан облысының прокуроры

Мемлекет басшысының келісімінің негізінде Бас Прокурор Қайрат Қожамжаровтың ағымдағы жылғы 9 шілдедегі бұйрығымен Түркістан облысының прокуроры болып бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысының прокуроры қызметін атқарған Н.М. Әбдіров тағайындалды.

Ол Президенттік резервте облыс прокуроры лауазымында тұрған.

Н.М. Әбдіров 1967 жылы туған. Прокуратура органдарында 1991 жылдан бастап еңбек етеді.

Қарағанды облысында аудан прокуроры,



Астана мен Алматы қаласы прокурорының бірінші орынбасары лауазымдарында болды.

2009-2012 жылдары Бас прокуратураның бірқатар Департаменттерін басқарды.

2012-2017 жылдары аралығында Ақтөбе облысының прокуроры болды.

2017 жылдың тамыз айынан бастап Оңтүстік Қазақстан облысының прокуроры.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудағы, прокурорлық қадағалауды жетілдірудегі қосқан елеулі үлесі үшін Мемлекет басшысының Жарлығымен

Сыныптық шені – әділет кеңесшісі.

Соңғы қызмет орны – Оңтүстік Қазақстан облысы прокурорының аға көмекшісі.

Қайрат НҮКЕНОВ -

Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары

ҚР Президенті әкімшілігінің келісімімен және Түркістан облысы әкімінің өкімімен Қайрат Нүкенов Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев жаңа орынбасардың жұмысына сәттілік тілеп, актив алдында таныстырды. Өз кезегінде Қайрат Нүкенов жауапты қызметті сеніп тапсырған өңір басшысына алғысын білдіріп, өз міндетін барынша адал атқаратынын жеткізді.



Қайрат Теміршотұлы Нүкенов 1970 жылғы 15 қыркүйекте Павлодар облысы, Железин ауданы, Захаровка ауылында дүниеге келген. 1987 жылы Железин орта мектебін бітіріп, еңбек жолын «Железин» кеншарының мал шаруашылық кешенінде жұмысшы ретінде бастады. 1988-1990 жылдар аралығында әскери қызметін өтеді. Әскерден кейін «Трестжилстрой» шаруашылық есепті жастар бірлестігінде экспедитор болып істеді. 1992 жылдан бастап коммерциялық құрылымдарда басшылық лауазымдарын атқарды. 2002 жылы Ресей Федерациясының Омбы қаласындағы Сібір мемлекеттік автомобиль жолдары академиясын «Экономика және кәсіпорындардағы басқару» мамандығы бойынша, 2014 жылы П.А. Столыпин атындағы Омбы аграрлық университетін «Жеміс-көкөніс және жүзім шаруашылығы» мамандығы бойынша тәмамдады. 2012-2013 жылдар аралығында Железин ауданының әкімі, 2013 жылы Павлодар облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 10 тамыз 2018 жылғы бұйрығы негізінде Түркістан облысы бірқатар аудандарында жаңа тағайындаулар орын алды.

Бақыт Сейфолла -

Келес ауданының прокуроры



Бақыт Сабырханұлы Сейфолла - 27 желтоқсан 1976 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданында туылған, Мирас университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Сыныптық шені – әділет кеңесшісі.

Соңғы қызмет орны – Оңтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының қылмыстық қудалау басқармасы бастығының

орынбасары.

Жұмағали Ботабеков

- Мақтаарал ауданының прокуроры



Жұмағали Жорабекұлы Ботабеков - 21 шілде 1977 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданында туылған, Оңтүстік Қазақстан аймақтық гуманитарлық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Нұрғали Асқанбеков -

Жетісай ауданының



Нұрғали Шекербекұлы Асқанбеков - 07 қыркүйек 1980 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласында туылған, Қазақ мемлекеттік Заң академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Сыныптық шені – әділет кеңесшісі.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ТЖ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСТЫҒЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 04 тамыздағы №228 жеке құрам бұйрығына сәйкес Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығы лауазымына азаматтық қорғау полковнигі Н.С. Жунусов тағайындалды, бұрын департамент бастығының міндетін

атқарған, деп хабарлайды Түркістан облысы ТЖД мемлекеттік тіл және ақпарат тобы.

Нұрғали Сырлыбайұлы азаматтық қорғау полковнигі азаматтық қорғау органында 1993 жылдың қыркүйек айынан бері қызмет етеді. Қызмет кезінде өзін ұқыпты және кәсіби сауатты маман ретінде көрсетті. Жақсы ұйымдастырушылық қабілетке ие. Қызметтік мәселелердің шешімінде батылдық пен табандылық таныта біледі, бағыныштыларды қойылған мәселелердің шешімін табуға бағыттай біледі.

ҚР ТЖМ I, II және III дәрежелі «Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін» медалімен, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрінің Құрмет грамотасымен, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған.



Айтболат Досаев -

Созақ ауданының прокуроры

Айтболат Тайырханұлы Досаев - 22 шілде 1982 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында туылған, Қазақ гуманитарлық заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Сыныптық шені – әділет кеңесшісі.

Соңғы қызмет орны – Сарыағаш ауданы прокурорының орынбасары.

ОТЫРАР АУДАНЫНДА ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ӘКІМНІҢ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУЫНДА



Отырар ауданы әкімдігінің күн тәртібінде елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету-ең маңызды мәселе. Осы орайда, аудан басшысы Ерлан Айтаханов газдандыруға қатысты нақты атқарылып жатқан тірліктердің барысын қадағалау мақсатында Шәуілдір ауылындағы Д.Тастанбеков және Д.Сарықұлов көшелеріне арнайы барып, жұмыс жағдайын бағамдады.

Ауданды көгілдір отынмен қамтамасыз етуге арналған жұмыс қызу үстінде. Мердігер мекеме жұмысшыларының ісімен танысқан аудан басшысы халықтың қолына жүз пайыз табыс етілгенге дейін, шын жанапшырлықпен дер кезінде және сапалы атқару қажет екендігін, құбыр жүргізу

мақсатында қазылған шұңқырларды қайта тегістеу кезінде топырақтардың талапқа сай нығыздалып, тұрғындарға қолайсыздық тудырмауды талап етті.

Бірқатар орындарды аралап, жұмыс барысын таразылап шыққан аудан әкімі құрылыс жұмыстарына байланысты техникалық кеңестің жиынын өткізіп, тиісті сала және мердігер мекемелердің басшыларының есептерін тыңдады. Шәуілдір және Темір ауылдарының газ құрылысына жауапты мердігер мекеме басшылары тиісті жұмысты қараша, желтоқсан айларында толық аяқтаймыз деген пікір танытты. Басшылар болжамына қанағаттанбаған аудан басшысы, газдандыру жұмысын қазан айына дейін толық

аяқтауды міндеттеді.

Жұмысты жүйелендіру мақсатында ауыл округін кварталға бөліп, сол бойынша әр басталған аумақты соңына дейін мінсіз аяқтауды жүктеді. Сонымен қатар, Шәуілдір және Темір ауыл округтерінің әкімдеріне көрсетілген мерзімге дейін ішкі жүйе жұмыстарының кем дегенде 70 пайызының атқарылуын, өндірістік кестені қайта бекітуді де қоса тапсырды.

Жиын барысында Отырар төбе мен Арыстанбаб кесенесінің алдын абағандыру жұмыстарын іске асыратын мердігер мекеме өкілдері де есеп берді.

Шолушы.

Бұл келісімге сәйкес жалпы аумағы 150 мың ш.м. болатын нысандар салынатын болады. Тұрғын үйлер қаланың екі бірдей жаңа ауданында - Shymkent City мен әкімшілік-іскерлік орталықта салынбақ. Бұл үйлердің 1 шаршы метрінің бағасы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі клиенттері үшін 140 000 теңгені құрайды.

Алғашқы 598 пәтерді Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің клиенттеріне биыл беріледі деп күтілуде. Осы мақсатта қаланың әкімшілік-іскерлік орталығында 11 үй салынууда. Құрылысшылар бұл нысандарды 2018 жылдың желтоқсан айында пайдалануға беруді жоспарлап отыр.

«Нұрлы жер» бағдарламасына қатысып, үй алу үшін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкідегі шотта 20% көлеміндегі бастапқы жарна болуы жеткілікті. 1 бөлмелі пәтердің бағасы 5,6 млн теңге деп алсақ, депозитте 1,1 млн теңге жинау керек. Осыдан кейін банк 5% жылдық мөлшерлеменен жеңілдетілген заем береді, - деп Ләззат Ибрагимова мемлекеттік бағдарламаға қатысу шарттарын түсіндіріп өтті.

Қалған 1 880 пәтердің құрылысы мен пайдалануға берілуі 2019 жылға жоспарланып отыр. Жаңа үйлер ShymkentC-



Әбдіраманов
Ғабидолла
Рахымоллаұлы

Ибрагимова
Ләззат
Еркеновна

Шымкент қаласында 2 500 пәтерден тұратын 40 үй салынады. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова мен Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Айта кетейік, бұл пәтерлер тек «Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы - Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі клиенттеріне ғана беріледі.

МЕГАПОЛИСТІҢ ЕКІ БІРДЕЙ ЖАҢА АУДАНЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНАЛАР БОЙ КӨТЕРЕДІ

ity ауданында салынбақ.

«Нұрлы жер» бағдарламасының шарттарына сәйкес, бұл пәтерлерден мына талаптарға сай келетін азаматтар үміткер бола алады:

- ҚР азаматы немесе оралман мәртебесіне ие азаматтар;
- өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде соңғы

5 жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік үйінің болмауы;

- төлем қабілеттілігін растай алуы.
Айта кетейік, аталған талаптарға сай келмеген банк салымшылары баспананы басқа бағдарламалар арқылы ала алады.



БЕЙБІТШІЛІК ДАҒҒЫЛЫ ШЫМКЕНТТІҢ ЖАҢА АРБАТЫНА АЙНАЛАДЫ



Даңғылдың бір бөлігінде қазір құрылыс жүріп жатыр. Жергілікті билік өкілдері көшенің бұл бөлігі өз атауына толық сай болады деп уәде беруде. Болашақ қазірден басталағындықтан, қала әкімі құрылыстың әр кезеңін бақылауына алды.

Үшінші мегаполистің Арбаты тек көрікті ғана емес, қала тұрғындарының демалуына барынша қолайлы орын болмақ. Арбаттың аумағы демалыс, шығармашылық секілді аймақтарға бөлініп, велосипедшілердің де өз жолы болады. Ал, суретке түсуді ұнататын жандарға арнайы селфи-аймақ жабдықталады.

Бұл Арбатта бірегей жұлдызнама-орындықтар, жазуы бар және судағы орындықтар, ерекше жарықшамдар болады. Ал, демалыс орнының дәл ортасында граниттен Қазақстанның атлас-картасы жасалады. Ол жаяу жүргіншілер жолының бір аймағына айналады.

Айта кетейік, Арбат көшенің бүкіл енін алады, ал ұзындығы 430 метр болмақ. Бұл аумаққа хризантема және қанн гүлдері, көп жылдық ағаштар егіледі. Сарқырамалар орнатылып, Бейбітшілік көшесінің Республика даңғылы және Әл-Фараби алаңымен қиылысына арка орнатылмақ.



ҚАЛАДА БҮЛДІРШІНДЕР ҮШІН ТАҒЫ БІР БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ



Шымкент қаласындағы Шағын Самал шағынауданында «Лилия» балабақшасының ашылу рәсімі өтті. Балабақша 100 балаға шақталған, қазіргі таңда мұндағы 75 орынға мемлекеттік тапсырыс бар. Жолдама алған балалар үшін төлемсіз көлемі мемлекеттік балабақшалармен теңестірілген. Балабақшада 4 топ бар. Ұжымның ұстанған негізгі бағыты - бүлдіршіндерді салауат-

ты өмір салтына баулу.

Мұнда заманауи сауықтыру әдістері жан-жақты ойластырылған. Балалардың дене шынықтыру шараларына белсенді қатысуға мүмкіндік бар. Сумен ширықтыру және жаттығу терапиясынан бөлек мұнда музыка, хореография және ағылшын тілдерінде қосымша сабақтар өтіледі.

Айта кетейік, 2018 жылы Шымкенттегі мектепке дейінгі 459 мекемеде 69764 бала білім алады. 88 балабақша мемлекеттік меншікте. Онда 24 261 бүлдіршін тәрбиеленуде, мектеп жанынан ашылған 20 шағын орталықта - 1070 бала, жекеменшік 351 балабақшада 32 572 бүлдіршін бар. Мектепке дейінгі білім беру топтарында (5-6 жас) 11 861 бала қамтылып отыр.

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес балабақшаларда 3-6 жасар бүлдіршіндердің 87,9 пайызы қамтылған. 2018 жылы бұл көрсеткішті 90%-ға жеткізу жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда Шымкент қаласына 46 балабақша қажет және олардың барлығы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде салынады деп күтілуде.

Бетті дайындаған:

Түркістан қаласындағы жұмыртқа өндіру бағытында жұмысын жүргізіп жатқан «Яссы» құс фермасы екінші кезеңін іске қосты. Онда бельгиялық «Вали» фирмасының құрал-жабдықтары орнатылған. Бұдан бөлек, фермаға 30 мың дана голландиялық «Декалб» тұқымды шөжек әкелінді.

2016 жылы италияндық «Факко» фирмасының құрал-жабдықтарымен бірінші кезеңін іске қосқан жеке кәсіпкер А.Сыздықов германиялық «Ломан ЛСЛ» тұқымды 18 мың дана тауық өсіріп, күндігіне 16 мың дана, ал жылына 3,5 млн жұмыртқа өндірген.

Бүгінде кәсіпорынның ауқымы кеңейіп, жылдық өнімі 6-7 млн дана жұмыртқаны құрап отыр. Құс фермасының жалпы жер көлемі 15,0 гектар. Мұнда тәжірибелі ветеринар мамандар мен қатар 18 жұмысшы еңбек етеді.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Ақылды технологиялар - агро-өнеркәсіптік кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі» бағытында «Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді» делінген. Президент

дайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», атты Жолдауында «Ақылды технологиялар - агро-өнеркәсіптік кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі» бағытында «Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді» делінген. Президент

өнеркәсіптік кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі» бағытында «Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді» делінген. Президент



«ЯССЫ» ҚҰС ФЕРМАСЫ ӨНІМ КӨЛЕМІН ЕКІ ЕСЕГЕ АРТТЫРДЫ

тапсырмасын жүзеге асыра отырып Германия технологиясы бойынша жұмыс істейтін бұл өндіріс қазір қала тұрғындарын сапалы өніммен қамтамасыз етіп отыр. Мұндағы тауықтардың азығы ферманың өзіне тиесілі салынған шағын азық сақтайтын қоймада дайындалады. Қоспалы азықты дайындайтын арнайы соңғы үлгідегі техниканы да алдырып, бүгінде қоспалы жемді өздері өзирлеуде. Сапалы өнім алу үшін құстарға арнайы дәрумендер беріледі. Пайдалы қоспалар арнайы тапсырыспен алдырылады.

дайындалады. Қоспалы азықты дайындайтын арнайы соңғы үлгідегі техниканы да алдырып, бүгінде қоспалы жемді өздері өзирлеуде. Сапалы өнім алу үшін құстарға арнайы дәрумендер беріледі. Пайдалы қоспалар арнайы тапсырыспен алдырылады.

БӘЙДІБЕК АУДАНЫНДА ШАРУАЛАРДЫҢ 90 ПАЙЫЗЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ЖҮЙЕ АРҚЫЛЫ ЖЕҢІЛДІКТЕРГЕ ИЕ БОЛДЫ



Бөйдібек ауданында егіншілікпен айналысатын кооперативтердің 90 пайызы электронды картаға енгізіліп, мемлекеттік жеңілдіктерді алып жатыр. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Күмісбек Ахметовтың айтуынша, бұл бастама «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылған.

Мемлекет басшысының өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында ауыл шаруашылығы саласының дамуына үлкен бетбұрыс алып келетіндей бағыттарды қамтыған.

«Шаруалар егістік алқаптарын электронды картаға енгізіп, бір терезе қағидасы арқылы құжаттарын реттеген. Оларға мамандарымыз көмектеседі. Электронды карта жүйесінің артықшылығы — шаруалар үйлерінде отырып-ақ галамтор арқылы тыңайтқыш пен өзге де қажетті жеңілдіктерге тапсырыс бере алады. Қазір ауданда жерді игеруге ниетті тұрғындар саны артып келеді. Биыл 94,6 мың гектар жер игерілді. Былтырға қарағанда 3 мың гектарға артық» - дейді К.Ахметов.

Биыл Бөйдібек ауданында қой саны 600 мыңға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 7 пайызға ұлғайған. Ірі қара саны 60 мыңға, жылқы 200 мыңға жетті. Түйе басы да көбейген.

Бүгінде ауданда ауыл шаруашылығына мән беріліп, кооперативтердің жұмысы жандануда. Солардың қатарындағы «Алғабас-Ағыбет» өндірістік кооперативі мен «Ерсұлтан-агро» ЖШС-ті егін шаруашылығымен бірлесіп айналысуда. Бірлескен шаруашылық Алғабас, Ағыбет ауылдық округі аумағынан 2000 гектар жерге бидай, 1500 гектар жерге мақсары, 500 гектар жерге арпа, 400 гектар жерге жоңышқа еккен. Аталған шаруашылықта Алғабас, Ағыбет ауылдық округінің 20-ға жуық тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал, маусымдық жұмыстар қызған кезде 45-50 адам жұмысқа тартылып, оларға 80 мың теңге көлемінде еңбекақы төленеді. Шаруашылықта 35 техника бар. Мұнда шаруалар «Стекловидный 24», «Красный водопад», «Память 47» бидай сұрыптарын еккен. Сонымен қатар, арпа мен сұлыны будандастырып өнім алуда. 6 тамызда 500 гектар мақсары өнімін ору жұмыстары басталды.

ЖОЛ - ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Мемлекет басшысы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», атты Жолдауында «Көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру» керектігін айтса, 2014 жыл-

2018 жылы жолдардың құрылыс жұмыстарына бюджеттен 26 332,5 млн. теңге қаралып, 437 нысан немесе 1 421,4 шақырым жолдар мен көшелер, 10 көпір құрылыс-жөндеу жұмыстарымен қамтылуда. Биыл оның 417 нысаны немесе 994,7 шақырым пайдалануға берілетін болады. Бұл туралы Жоллаушылар көлігі және автомобиль жолдары



мен құрылыс жұмыстарында нысан саны екі есе артып, шақырым көрсеткіші 100 пайызға, шақырым ұзындығы 351 пайызға және бөлінген қаржы көлемі 73,3 пайызға өсім көрсетті. Күрделі жөндеу жұмыстарымен қамтылған шақырым ұзындығы 391,3 пайызға, бөлінген қаржы көлемі 282,3 пайызға өсім көрсетті», - деді басқарма басшысы.

Жалпы алғанда облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесі 2017 жылдың қорытындысымен 64,4 пайызға қол жеткізілді. Елбасының берген тапсырмасына сәйкес, жақсы және қанағатты жағдайдағы автомобиль жолдарының 2018 жылғы үлесі 64,7-ден 70,7-ге дейін көтерілді. Жоспарланған көрсеткіш толығымен орындалатын болады.

Айта кетейік, облыс аумағындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 410 көпір бар. 2016 жылдың қорытындысымен 410 көпірдің 291-і қанағатты жағдайда болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 309-ға жетті немесе 75,4 пайызды құрады. Ал, биыл 316 көпір қанағатты жағдайға өтеді деген жоспар бар.

Бетгі дайындаған: Акерке ИСМАНОВА.



ғы «Қазақстан жолы-2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында 30 дамыған елдің қатарына ену жолындағы жеті басым бағыттардың бірі осы жол екеніне баса назар аударылған.

Түркістан облысында автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерінің жалпы ұзындығы 18 118,0 шақырымды құрайды.

басқармасының басшысы Нұрлан Байғұт Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз жиынында мәлімдеді.

Оның сөзінше, 2016 жылы 14 917,2 млн. теңгеге 209 нысан немесе 536,3 шақырым жолдар мен көшелер қалпына келтірілген. 2017 жылы 16 296,2 млн. теңгеге 468 нысан немесе 1 305,4 шақырым жөнделген.

«Биыл 2017 жылмен салыстырғанда қаржы көлемі 61,6 пайызға өсіп, нәтижесінде жөндеу жұмыстары жүргізілетін жолдың ұзындығы 8,9 пайызға артты. Яғни, қайта құру



Жоба

Солтүстік Қазақстан облысында биыл бюджеттен қаражат бөлініп, 90 баспана салынып жатыр. Алдағы уақытта қоныс аударып келушілердің жағдайы бұдан әрі жақсармақ. Түркістан облысынан келген делегаттарды Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Мадияр Қожахмет осындай жағымды жаңалықтарын айтып, қуантты. Түркістандық делегаттарға Мағжан Жұмабаев туралы жарық көрген жаңа энциклопедияны Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары тарту етті.

“Асу, асу бел екен, Сарыарқаға көшкен ел екен”, - деп қазақ халқы текке айтпаған. Осы бір сөздің астарында Елбасының ішкі көші-қон саясаты жатыр. Солтүстікте жүрген делегацияның қатарына Түркістан облысы мәслихатының де-

“Ұлы дала көші” жобасын іске асыру үшін Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында іс-сапарда жүрген “Айғақ” телеарнасының түсірілім тобын дүйсенбі күні Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Мадияр Қожахмет қабылдады.

тіршілігімен таныспақ.

“Ұлы дала көші” жобасы бойынша Солтүстік Қазақстан облысына сапарлатқандар диттеген аймаққа жетіп, жексенбі күні іске кірісті. Елбасының ішкі көші-қон саясаты аясында күнгейден Қызылжар аймағына барып қоныстанғандар бір-бірімен үйренісіп, жұмыла еңбек

Мағжан Жұмабаев ауданының 60 пайызы шекара. Ресейдің Түмен, Омбы облыстарымен шектеседі. Бұл ауданда 30 314 халық бар. Осы ортаны Ораловтар отбасы толықтырыпты. Балабек пен Замира 5 балашағасымен осыдан екі жыл бұрын қоныс аударған. Мемлекеттен субсидия алып, мал шаруашылығын қолға алған шаруалардың көңіл-



“АЙҒАҚ” ТЕЛЕАРНАСЫ “ҰЛЫ ДАЛА КӨШІ” ЖОБАСЫМЕН ЕЛІМІЗДІҢ СОЛТҮСТІК ӨҢІРЛЕРІНДЕ



путаты Жаңабай Агабеков келіп қосылды. “Ұлы дала көші” жобасын іске асырып жатқан түсірілім тобы енді көненің көзі болған Айыртау ауданына қарай бет алып, онда да күнгейден көшіп барып, еңбектеніп жатқан жерлестеріміздің тұрмыс-

етіп жатыр. Мәселен, ақын Мағжан Жұмабаев ауданында 88 отбасы бар. Олар Түркістан облысы мен Шымкент мегаполисінен көшіп барған. Күнгейден кеткен жерлестеріміздің тыныс-тіршілігін түркістандық делегация танысты.

дері шат.

Табиғаттың сұлу алқабында төрт түлік ұстап, еңбек етіп жатыр. Сүт өндіріп, жергілікті халықпен тығыз байланыс орнатқан.

Шағын кәсіпті ұршықша иіріп отырған Ораловтар бұрынғы Са-

белері көкке жеткендей болды.

Сондай-ақ, дәл осы Октябрьский елді мекенінде Қадырбек Сыдықов пен Гүләйім Махамбетова тұрып жатыр. 4 баласы бар бұл отбасы да шаруаны дөңгелетіп, күнгей өлкесінен алған іскерлігін жергілікті тұрғындарға көрсетіп, ауылда беделді отбасыға айналыпты.

Нұрсейіт Ордабасы ауданында дүниеге келген. Ал, жұбайы Сарагүл Бейсебаева Төлеби ауданының тумасы екен. “Атамекенімде еңбек етуге келдім” деп отырған жерлестеріміз ешқандай қиындықтан қаймықпаған отбасы.

Ақ қайындар қоршаған әсем табиғатқа қоныс тепкен тағы бір отбасының бірі Бақытжан Жексебаевтың

отырғандарға қызыға қарап, дән риза болдық.

Сарыарқа сары белі бар, Өрісті шалқар көлі бар - деп жырлаған ақын Мағжанның ауылына барып, қоныстанып жатқандардың қатары аз емес екен.

Жұмабаев жырлаған Түркістаннан барып қоныстанғандардың тағы бірі Медвежка ауылында тұрып жатыр. Сәуірбек Қуанышбекұлы мен Нұржамал Тәмбетова Елбасының ішкі көші-қон саясатын қолдаған ең алғашқы отбасының бірі.

Осыдан үш жыл бұрын екі ала дорбамен келген шаңырақ иелері бүгінде үйлі-жайлы. Ауылдағы белсенді отбасы мал шаруашылығын дөңгелетіп отыр. Төлеби ауданының тумалары Қазақстанды батысы мен оңтүстігі деп бөлуге мүлдем қарсы. Аспан астындағы бір Отанда тұрамыз. Сондықтан ештеңеге қарамастан, бос жатқан иен далаға өзіміз иелік етсек деп көксеріп, еріксіз бел сыбана кіріскен. Бұлардың барлығы бүгінгі күннің қаһармандары.

“Айғақ” телеарнасының түсірілім тобын қабылдаған Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Асқар Бегманов Түркістан облысы мен Шымкент мегаполисінің тұрғындарына өзінің ыстық сөлемін жолдады.

Солтүстік өңірлеріне Елбасының ішкі көші-қон саясаты бойынша көшіп барып, қоныстанған отбасылардың хал жағдайымен танысып, олардың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысуды мақсат тұтқан “Айғақ” телеарнасының түсірілім тобына аудан басшысы алғысын білдірді. Мағжан Жұмабаев ауданында атқарылып жатқан жұмыстардың ретін баяндап, Түркістан өңірінен көшіп барған жерлестеріміздің айтулы еңбегін айтып мақтанды.

Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ,



рыағаш, қазіргі Келес ауданының Амангелді ауылынан көшкен. Бүгінде олар Сарыарқаның төрінде жаңа бір тіршілікке бет бұрып жатыр. Олар соңынан іздеп келген жерлестерін көріп бір марқайып, тө-

Үй жануарлары үйрек пен қаз асырап жатқан тағы бір отбасы қасиетті Қазығұрт ауданынан барған. Нұркен мен Сарагүл білім ошағында бала оқытып жатқан ұлағатты ұстаздар. Бірақ қосымша шаруамен айналысып, бабалар аманаттаған ұлан-ғайыр жерді игеріп отыр.

Жөн сұрасқанда Нұркен

шаңырағы. Ақын Ілияс Жансүгіровтың туған жері Алматы облысы, Ақсу ауданынан келген бұл отбасында 7 ұл-қыз бар екен.

Тіршіліктің бел ортасындағы отбасы балалар үйінен ата-анасының қамқорынсыз қалған 6 баланы асырап алмақ ниеті де бар. Ауылдың сәнін келтіріп, бала санын арттыруды көздеп



Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ:

НӨЛІНШІ СЫНЫПТАРҒА ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ЕШҚАНДАЙ ЕМТИХАНДАР БОЛМАЙДЫ

Мектеп әкімшілігі ата-аналардан мемлекеттік қызмет көрсету туралы ережеде көрсетілгендерден басқа, қосымша құжаттарды талап етпеуі тиіс. Бұл туралы бүгін ҚР Үкіметі отырысының қорытындысы бойынша өткен баспасөз конференциясында Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетов мәлімдеді.

«Нөлінші сыныптарға қабылдану үшін ешқандай емтихандар тапсыру қажет емес. Егер бала 5 жасқа толса және оқуға құлшынысы болса, онда білім алу үшін ешқандай да кедергі болмауы керек», — деді А. Аймағамбетов.

Вице-министр нөлінші сыныптарға қабылдау кезінде өзекті болып отырған мәселе — ұсынылатын құжаттар пакеті екенін айтты, мұнда кейде заңсыз түрде ата-аналардың жұмыс орнынан анық-

тамалар сұрайтын жағдайлар да орын алуда.

«Мектептердің негізсіз түрде жұмыс орнынан сұрататын анықтамалары — заңсыз. Қандай құжаттар қажет екені туралы нақты жазылған стандарт бар, онда жұмыс орнынан талап етілетін анықтама туралы жазылмаған», — деп түсіндірді ҚР БҒМ өкілі.

Сондай-ақ, журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, вице-министр министрлік мектептерге оқушыларды қабылдаудың жаңа типтік ережелері бекітілгенін айтты.

«Бүгінде кейбір мектептерде әлі күнге дейін оқушылар саны шамадан тыс. Қазақстан бойынша 118 мектеп үш ауысымда сабақ береді. Әсіресе, елорда мектептеріне оқушыларды қабылдау мәселесі

өзекті болып отыр, мұнда жыл сайын бірінші сынып оқушыларының саны 15 мың балаға ұлғаюда», — деді ол.

Сонымен қатар, А. Аймағамбетов ҰБТ мен кешенді тестілеуді біріктірудің ықтимал келешегі туралы айтып берді.

«2017 жылға дейін ҰБТ екі функцияны атқарды — мектептегі оқуды аяқтайтын қорытынды емтихан және жоғары оқу орындарына түсу емтиханы. Бүгінде ҰБТ екі бөлікке бөлінгеннен кейін, бала аттестат алу үшін мектепте емтихан тапсырады және бұдан бөлек Бірыңғай ұлттық тестілеуден өтеді. КТ да осындай функция атқарады, алайда, 2 аптадан кейін өтеді. Егер екі тест те бірдей функцияны атқарса және оларға бір адамдар қатыса алатын



болса, алдағы уақытта кешенді тестілеуді өткізудің қажеттігі жоқ деуге болады.

Бұл мемлекет үшін өте үлкен шығын, өйткені біз комиссияны бір рет жіберіп, кейін қайта жіберуіміз керек. Бұл белгілі бір күштерді, аудитория-

ны және т.б. жұмылдыруды қажет етеді. Жалпы алғанда, ҰБТ-ға қатысты ұсыныстарды қоса алғанда, барлық өзекті мәселелер мұғалімдердің тамыз жиынында талқыланатын болады. Өріптестеріміздің пікірін тыңдаймыз және белгілі бір даулы

мәселелер бойынша келісімге келеміз», — деді А. Аймағамбетов.

Еске сала кетейік, бүгін ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев педагогтар қауымы мен ата-аналар тарапынан түскен ҰБТ мен КТ процесін жетілдіруге қатысты ұсыныстарды жеткізді. Осылайша, ҰБТ мен КТ-ны біріктіру, ҰБТ өткізу процесінен мектеп мұғалімдерін босату, мектептерде сынама тестілерін өткізбеу, мемлекеттік білім гранттарын оқу тілдеріне бөлмей тағайындау және т.б. мәселелер қаралып жатыр.

ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНА КӨШІП БАРДЫ



Облыстық білім басқармасы алғашқылардың бірі болып Түркістан қаласына көшіп бар-

ды. Білім басқармаларының кадр мамандары мен басқарма басшылары, ҚР Білім және

ғылым вице-министрі Аймағамбетов Асхат қатысуда.

Жиында білім саласына цифрландыруды ендіру, педагог қызметкерлерді аттестаттаудың жаңа жүйесі және білім беру сапасын жетілдіру мәселелері қаралды. Сондай-ақ, білім беру сапасын арттыру мақсатында бірқатар білікті педагог қызметкерлеріне сертификат табысталды. Республиканың барлық аймағындағы білім басқармаларының өкілдері қатысатын жиын өңірімізде алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Келелі басқосудан кейін облыстық білім басқармасының жаңа офісі таныстырылды.

Салтанат ТОЙБОЛОВА.

«БІЛІМ БЕРУ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША КЕЗЕКТІ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында «Білім беру» бағыты бойынша комиссия отырысының кезекті отырысы өтті. Ал күн тәртібіндегі негізгі мәселе мектеп жасындағы балалардың бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастырудағы атқарушы билік органдарының рөлі болатын. Бұл бойынша баяндама жасаған облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ардақ Садықова жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің дема-

лысын және сауықтыруларын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстар барысына тоқталды. Оның айтуынша, биыл қала сыртында 9 мемлекеттік және 14 жеке меншік лагерьлер жұмыс жасауда. Ал оларда бүгінге дейін 25 мыңнан астам бала жазғы демалыстарын өткізген. Сонымен қатар облыс бойынша биыл 905 мектеп жанынан лагерьлер жұмыс жасап, оларда 193 мыңнан астам оқушы қамтылған.

Абай ОМАР.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПӘН ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ



денген Қалжан Жамалиддин бұл жетістікке оңайлықпен қол жеткізбеді. Үздіктердің қатарынан көрініп, ұдайы ізденісте болды. 11 сыныпты бітірген мектеп шәкірті енді шет елде білім алуға аттанбақ. Лицейдің түлегі білімін Оңтүстік Корея елінде жалғастырады.

Жомарт БЕГІМБЕТ.

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі 17 тамыз күні Астана қаласы «Казмедиа орталығында» өтетін педагог қызметкерлердің тамыз конференциясының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» тақырыбындағы пленарлық отырысына шақырады.

Сондай-ақ, педагог қызметкерлердің тамыз конференциясы шеңберінде 8-27 тамыз аралығында өтетін секциялық жиындарға да қатысуға шақырамыз (бағдарламасы қоса берілген). Секциялар барысында білім беру саласындағы мәселелер, білім беруді одан әрі дамыту, мемлекеттік бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған шаралар талқыланатын болады.

Педагог қызметкерлердің тамыз кон-

ференциясы — жаңа оқу жылының басталуына және жаңа идеяларға бастама беретін дәстүрлі оқиға. Конференция Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында және «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында айқындалған міндеттерді іске асыру аясында білім беру саласын жаңғырту жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге, туындаған мәселелер мен инновацияларды талқылауға арналған сұхбат алаңына айналады.

Пленарлық отырыс ағымдағы жылдың 17 тамызы күні Астана қаласындағы «Казмедиа орталығында» өтеді.

Елорда.

Маңғыстау облысында Мемлекет басшысының қатысуымен Құрық портындағы мультимодальдық көлік хабының таныстырылымы өтті, деп хабарлайды Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Соңғы он жылда Еуразиялық көлік дәлізін дамыту мақсатында көлік-логистикалық саласына 30 млрд. доллар шамасында инвестиция құйылды. Жаңа инфрақұрылым жасақтау құрылысы мен жаңғырту жұмыстары және IT-инфрақұрылым жасалуда.

«Бүгін іске қосылған Құрық портының автожол инфрақұрылымы көлік транзитін дамыту үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. «Құрық» арқылы өтетін Транскаспий бағыты Қытайдан, Орталық Азия елдері – Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, сондай-ақ Ресейдің Орал-Сібір өңірлерінен Түркия мен Еуропаға және кері қарай жүк тасымалдаудың тиімді логистикасын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, 2020 жылға қарай Қазақстанның транзиттік тасымалдан түсетін кірісін жылына 5 миллиард долларға арттыруға мүмкіндік

Маңғыстау облысы

ЕЛБАСЫ «ҚҰРЫҚ» ПОРТЫНДАҒЫ МУЛЬТИМОДАЛЬДЫҚ КӨЛІК ХАБЫМЕН ТАНЫСТЫ



береді. Бүгінде Маңғыстау облысы әуе, автомобиль жолдары, темір жол және теңіз көліктері желісі тоғызған ірі көлік-логистика орталығына айналып отыр. Каспийдегі екі заманауи порт өзара бірін-бірі толықтыратын болады. Бұл өңір

үшін жаңа мүмкіндіктер береді. Қызмет көрсету секторын ілгерілетіп, транзиттік компанияларды тарту керек, сондай-ақ жаңа технологияларды пайдалана отырып, қайта өңдейтін өндірісті дамытқан жөн. Бұлардың бәрі туристік ин-

дустрияны дамытуға жол ашады. Бұл аймақ экономикасын диверсификациялау үшін аса маңызды. Бізге осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану керек», – деді Мемлекет басшысы.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы

Қанат Алпысбаев Мемлекет басшысына «Нұрлы жол» бағдарламасы аясындағы Құрық порты паром кешені құрылысын жүзеге асыру барысы туралы баяндады.

«Құрық» порты халықаралық көлік дәлізіне қосылды. Порт айдынына теміржол мен автожол магистральдары келіп кіреді. Теміржол паромы мен автокөлік кешені жылына 7 миллион тоннадан астам жүкті қабылдап, өткізеді. Порттың кедендік қызметі мен қызмет көрсету инфрақұрылымы көлік құралдарын 30-40 минутта өңдей алады. Құрық портындағы маңызды нысандар терминалдық қоймалық инфрақұрылымды дамытады.

Салтанатты шараға Өзбекстан Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ачилбай Раматов, «COSCO» компаниясының басқарушы директорының орынбасары Суйт Цзюн, «Әзербайжан теміржолы» ЖАҚ басшысы Джавид Гурбанов қатысты.

Елбасы Үкіметке облыс әкімімен бірлесіп, мультимодальды хабтардың – Ақтау және «Құрық» порттарының базасында қосымша өндірістер мен қызмет

көрсету секторын дамыту жөніндегі кешенді жоспар әзірлеуді тапсырды.

«Жергілікті атқарушы органдар индустриялық және сервистік өндірістерді жаңа жағдайларға бейімдеу үшін, қажетті шараларды қабылдауы керек. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орындарын ашып, кадрларды жаңа мамандықтар бойынша оқытуға және қайта даярлауға, сондай-ақ өңірде шағын және орта бизнесті дамытуға жағдай жасау қажет», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы телекөпір режимінде «Құрық порты – «Тажен» шекаралық кеден бекеті», «Құрық порты – «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы құрғақ порты» мультимодальды бағыттар бойынша қатынайтын автомобиль және темір жолдарын іске қосты.

Қазіргі таңда Қазақстанның Каспий теңізіндегі логистикалық тізбегі жылына 26 миллион тонна жүкті өткізе алады. Серіктес елдер өздерінің өлеуетін ұлғайтып, нысандарын жаңғыртуда.

Ақтөбе облысы

БАЛАЛАРДЫ ОНАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АЛҒАШҚЫ ЕМДЕЛУШІЛЕРДІ ҚАБЫЛДАЙДЫ

2018 жылдың қыркүйек айында Ақтөбеде жаңа балаларды оңалту орталығы алғашқы емделушілерін қабылдайды, деп хабарлайды Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ақтөбе облысында балаларды оңалту орталығының құрылысы мен жарақтандыру жұмыстары белсенді түрде жалғасуда. Жобаны «Ақтөбе мыс компаниясы» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында жүзеге асырып жатыр.

Орталық Батыс-2 шағын ауданында тұрғызылуда. Оның жалпы құны 500 млн теңге. Медициналық мекеме тиімді қызмет ету үшін, заманауи материалдық-техникалық базамен жарақтандырылып, сонымен қатар, балаларды әлеуметтік-психологиялық және медициналық оңалту үшін қажет барлық жағдай жасалуда.

Балалар түрлі мамандардың білікті көмегінің кең



жынытығын ала алады. Психологтар олардың ата-аналарымен де жұмыс істейтін болады. Осы жылдың қыркүйек айына ашуды жоспарлаған мамандандырылған медициналық мекемені көптеген ақтөбелік отбасы күтіп жүр. Өңірде мүмкіндігі шектеулі балалар саны шамамен 5 мың, олардың 2 мыңға жуығы – мектепке дейінгі балалар.

Орталық биыл өңірде мүгедектігі бар балаларды «Бақытты бала» жобасы аясында оңалту және әлеуметтендіру үшін жүзеге асырылған бірнеше ірі жобалардың бірі болмақ. Бұдан бұрын церебралды-сал ауруымен және аутизммен ауыратын балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру, оңалту орталығы, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға түзету балабақшасы мен Қазақстанда тұңғыш жыл бойғы инклюзивті лагерь ашылған болатын.

Қостанай облысы



Өмірзақ ШӨКЕЕВ: ФЕРМЕРЛЕРГЕ БАРЫНША ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖАСАЙМЫЗ

Өмірзақ Шөкеев Қостанайдағы жұмыс сапары барысында индустриялық аймақтың жұмысымен танысты. Қостанай облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев ҚР вице-премьері, ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеевке индустриялық аймақтағы құрылысы басталып жатқан зауыттар туралы баяндады. «Индустриялық аймаққа шетелдік инвесторлар қызығушылық танытып отыр. Жақында ғана теледидар зауытын салатын қытайлық кәсіпкерлер үшін су құбыры мен газ желісін тарттық. Біз олардың талаптарын толықтай орындадық. Жалпы бүгінде индустриялық аймақта құрылысқа 400 гектар жер қарастырылған. Болашақта оны 800 гектарға дейін ұлғайту жоспарланған», – деді М.Мырзалиев. Қостанай облысында ауыл шаруашылық техникаларының кластерін құру жоспарланған. Мәселен, осы жылы өңірде «Беларусь» тракторын құрастыру жұмысы қолға алынбақ. Мұны ресейлік «Композит групп» компаниясы

Минск трактор зауытымен ынтымақтастықта іске асырады. Жоспар бойынша мұнда жылына 3 мыңға дейін трактор шығарылады. Министр өңірдің ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобалардың іске асу барысын үнемі бақылап отыруды тапсырды.

«Индустриялық аймақтың өлеуеті жоғары екені сөзсіз. Енді трактор құрастыру жұмысын қадағалап отыру қажет. Мұндағы отандық үлес 50%-дан кем болмауы тиіс. Жергілікті фермерлерге барынша жеңілдік қарастырылады. Өз жерімізде шығарылған тракторларды 52%-ға дейін субсидиялауымыз мүмкін. Оның 25%-ын министрлік, 10%-ын жергілікті билік қарастырады», – деді Өмірзақ Шөкеев. Қазіргі уақытта индустриялық аймақта 12 инвестжобаны іске асыру көзделген. Өмірзақ Шөкеев жергілікті ауыл шаруашылық тауар өндірушілерімен кездесу барысында агроөндіріс кешенінің аймақтағы даму бағыттарын талқыламақ.

Солтүстік Қазақстан облысы

ИМАНТАУДА ЖЕЛКЕНДІ ҚАЙЫҚ СПОРТЫ ДАМУДА

Айыртау ауданына жұмыс сапары барысында СҚО әкімі Құмар Ақсақалов Имантау-Шалқар курорт аймағының демалыс орындарын аралап, туризм саласындағы кәсіпкерлермен кездесті. Бизнесмендер өңір басшысына жүзеге асып жатқан жобаларын таныстырды, деп хабарлайды Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жеке кәсіпкер Жанат Омар Имантау көлінде желкенді қайық клубының ашылғаны жайында айтты. Бизнесменнің айтуынша, жастардың арасында бұл спорт түрі үлкен сұранысқа ие.

«Қазір біздің клубта 3 желкенді

қайық бар. Тағы біреуін алу үшін, грантқа тапсырыс бердік. Жастар бұл спортқа қызығушылық танытуда. Біз оларға үйретеміз, кейін Түркияға барып скипер куәлігін ала алады», – дейді Жанат Омар.

Аймақ басшысы жас бизнесменнің бастамасына қолдау білдірді. Өңір басшысы желкенді қайық спортының Пестрое көлінде де дамыту туралы ұсыныс тастады.

«Пестрое көлінде желкенді қайық спорты дамытуға кеңес беремін. Бұл көлде әрдайым жел



тұрады. Сіздер «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша грант алуға мүмкіндік бар. Осы қаржыға желкенді қайық сатып алыңыздар. Қазір Пестрое көлі абаттандырылып жатыр. Сол жерге қайықты жіберу керек. Жастар көптеп айналыссын, өдемі спорт түрі ғой», – деп атап өтті Қ.Ақсақалов. Желкенді қайық клубының басшысы Жанат Омар облыс әкімінің ұсынысын қолдады.

"7-20-25" БАҒДАРЛАМАСЫНА САЙ СҰРАНЫСЫ Е ЖОҒАРЫ ПӘТЕРЛЕР

"7-20-25" бағдарламасы бойынша ең жоғары сұраныста аумағы 62 шаршы метр екі бөлмелі пәтерлер екені анықталды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі "Баспана" Ипотекалық ұйымына сілтеме жасап. Сонымен бірге, "7-20-25" бағдарламасы арқылы сатып алынатын баспананың орташа құны да есептелді. Қазіргі таңда ол көрсеткіш 14 миллион 68 мың теңгені құрайды. Қарыз алушының ортақ сипаты да белгілі болды. Ол - Қазақстан Республикасының азаматы, жас шамасы 24 пен 40 жас аралығында, отбасының ай сайынғы табысы 200 мың теңге көлемінде. "Қазіргі таңда бағдарламаға қатысқан көптеген азаматтың өтініші мақұлданғанын байқап отырмыз. Ол "7-20-25" бағдарламасының көкейкестілігін,



дер кезінде қолға алынғандығын және әлеуметтік бағытын айқын дәлелдейді", - деді "Баспана" Ипотекалық ұйымының Басқарма төрағасы Қайрат Алтынбеков. Қайрат Алтынбековтың сөзінше, жылдық үстемесі 7 пайыз болатын "7-20-25" ипотекасының ай сайынғы төлемі пәтерді жалға алып тұрғаннан арзан шығады. "Пәтер жалдағаннан көрі, өз баспананда тұрғанға не жетсін", - деп қайырды Қайрат Алтынбеков. 13 тамыз күнгі жағдай бойынша, Қазақстан халқынан бағдарламаға қатысуға 15,4 миллиард теңге сомасына 1323 өтініш келіп түскен. Оның жалпы сомасы 9,7 миллиард теңгені құрайтын 843 өтініші банктер тарапынан мақұлданды. Қазіргі таңда, "7-20-25" бағдарламасының ипотекалық несиеcін Центркредит банкі, АТФБанк,

КӘСІПОДАҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ ҚАРАЛҒАН КЕЗДЕСУ

«Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Берік Айдарбекұлы Бекжанов Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының төрайымы Светлана Кеңесқызы Иманкулованы қабылдады.

Қабылдауда Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясы Бас Кеңесінде қабылданған қарарлардың орындалу барысы туралы, тікелей бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен жұмыс жүргізу және Еңбек Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге туралы мәселелер қаралды. Сондай-ақ, бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларымен



кездесу барысында еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі маман немесе техникалық инспектор бірлігін ашу және оның лайықты еңбек жалақысын шешу, мәдениет саласы қызметкерлерінің айлығын көтеру, еңбек ұжымдарында

ұжымдық шарттар жасасу мәселелері сөз болып, тиісті ұсыныстар жасалды. Айта кетейік, мамандардың сөзінше аталған Заң әлемнің дамыған елдеріндегі құқық қорғау саласының тәжірибесіне сүйеніп жасалған.



САПАСЫЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКЕН АДВОКАТ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ


Елімізде 2018 жылдың 22 шілдесінен бастап, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» жаңа Заң жұмыс істей бастады. Мемлекет басшысы мақұлдаған Заңның мақсаты – адвокаттық қызметті және заң көмегін көрсетуді кешенді түрде жетілдіру. Бұл туралы бүгін Түркістан облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары Мейіржан Исабеков Өңірлік коммуникациялық қызметінде өткен баспасөз жиынында мәлімдеді.

Оның сөзінше, заң көмегін көрсететін адвокаттар, заң кеңесшілері, мемлекеттік органдардың қызметтерін қамтитын Заң, енді «Адвокаттық қызмет туралы» және «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» қос бірдей Заңның орнында қолданыста болады. «Бүгінгі таңда конституциялық құқықты толық заңды жүзеге асыруды қам-

тамасыз ету кезінде бірнеше мәселелер туындауда. Мәселен, кей жағдайларда заң қызметкерлері азаматтарға жоғары сапада көмек көрсете алмай жатады. Сондай-ақ, мамандардың білімі тез ескіріп, нәтижесінде жүйелі түрде біліктілігін арттыру қажеттілігі туындайды. Адвокаттардың жетіспей жатуы да, үлкен мәселеге айналуға да, Міне, жаңадан қабылданған Заң осы кемшіліктерді жоюға бағытталған. Заңды жүйелі түрде насихаттау үшін, нақты шаралар жоспары бекітілген. Атап айтқанда, аталған саладағы стандарттар мен сапа өлшемдері, кәсіби қағидалар және ережелер белгіленеді. Сапасыз заң көмегі көрсетілген жағдайда субъектілерді жауапкершілікке тарту механизмі жетілдірілді. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету институты енгізілді», - деді Мейіржан Нұржанұлы.

Одан бөлек, жаңа Заң аясында халықты ақпараттандыру мақсатында заң көмегінің орташа құнын анықтау қарастырылады. 2020 жылдан бастап сапасыз заң көмегі көрсетілген жағдайда азаматтардың шығыстарын сақтандыру арқылы өтеу жоспарлануда. Сондай-ақ, Адвокаттар алқасына кіру үшін кіру жарналарын төлеуді алып тастау арқылы мүлтік кедергіні жою қамтамасыз етілді. Адвокаттардың аттестациялау және кәсіби біліктілігін арттыру механизмі қайта қарастырылған. Сонымен қатар, адвокаттар алқаларының басқару органдарында болу мерзімдеріне шектеулер бекітілді. 2019 жылдан бастап адвокаттық ордерді алып тастау көзделген.

Қажылық миссиясы құрылды



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан қажылық миссиясы құрылды, деп хабарлайды Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының баспасөз қызметі.

Бас мүфти Серікбай Қажы Ораздың бұйрығымен наиб мүфти Бауыржан Есмахан Қажылық миссиясы төрағасы болып бекітілді. Ал ҚМДБ Аппарат басшысы Ғылымбек Мәжіев пен ҚМДБ Қажылық бөлімінің

менгерушісі Айдар Салқынбаев миссия төраға орынбасары болып тағайындалды.

Бас мүфти Қажылық миссия мүшелеріне биылғы қажылық маусымында жоғары деңгейде қызмет етуді тапсырды. Айта кетейік, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жанынан құрылған Қажылық миссиясы қажылық сапарының ұйымдастыру-үйлесітіру жұмыстарын жан-жақты пысықтауда. Миссия жанынан құрылған дәрігерлер, уағызшылар, ақпарат тобы өзіне жүктелген тиісті міндеттемелерді атқаруға толық дайын.

Қазақстан қажылары менингитке қарсы екпе (вакцинация) салдырды. Отандастарымыздың денсаулығын ҚР Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан ұсынылған дәрігерлер тобы жіті қадағалайды. Дәрігерлер ҚМДБ Қажылық миссиясының медициналық көмек көрсету орталығында қажыларға тәулік бойы қызмет көрсетеді. Медициналық орталықта қажыларға қызмет көрсететін жедел жәрдем

көлігі де болады. Қажылар отандық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі.

ҚМДБ Шарият және пәтуа бөлімінің менгерушісі Сансызбай Шоқанов бастаған уағызшылар тобы насихат жұмыстарын жүргізіп, қажылыққа қатысты терең діни сұрақтарға пәтуа береді.

Уағыз-насихат жұмыстарына білікті де білімді имамдар бекітілген. Жетекшілер (гид) арнайы сараптамадан өтті. Еліміздің барлық мешіттерінде менингитке қарсы вакцина салдырудың маңыздылығы жайында уағыз-насихат айтылды. Сауд Арабия Корольдігі Қажылық министрлігі тарапынан бөлінген 3000 квотаға визалар толық шықты.

Биылғы қажылық сапарын аккредитациядан өткен 18 компания ұйымдастырады. Қажылық миссиясы 18 компанияның жұмысын қадағалайды. ҚМДБ және Қажылық министрлігінің талаптарын орындамаған компанияларға тиісті шаралар қолданылады.

Scat, Flynas өуе компанияларының ұшу кестесінің уақытылы орындалуы басты назарда.

ЕЛІМІЗГЕ УАҚЫТША КЕЛЕТІН ШЕТЕЛДІКТЕР МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ

АДАМДАРДЫ ТІРКЕУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ?

Қызметті онлайн қалай алады:

1. Порталда авторлану және “Қызметке онлайн тапсырыс беру” батырмасы бойынша өту.
2. Тапсырыс берушінің жеке мәліметтерін, сондай-ақ шетелдіктің және азаматтығы жоқ тұлғаның, ҚР уақытша келушінің мәліметтерін көрсетумен өтінімді толтыру және оған ЭЦҚ қол қою (электрондық цифрлық қолтаңбамен).
3. Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» тарауында) көрсетілген уақыт ішінде келіп түсетін, сіздің өтініміңізді өңдеу туралы хабарламамен танысу

* Онлайн тіркелу пилоттық режимде шетелдікті/азаматтығы жоқ тұлғаны жеке сапармен қабылдайтын ҚР 18 жасқа толған азаматтары үшін ғана қолжетімді.

Қызметті мемлекеттік органда алу (қажетті құжаттар)

1. Қазақстан Республикасына келуге және болуға визасы бар шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат;
2. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің лауазымды адамдары беретін шекарадан өткені туралы белгісі бар көші-қон карточкасы;
3. Еркін нысандағы тіркеу туралы қолдау хат.

Тіркеу жеке өтініші бойынша жүзеге асырылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың санаттары

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 175 және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 5 наурыздағы № 08-1-1-1/71 бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың жарамдылық мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларына сәйкес Азаматтары «A1», «A2», «B1», «B2», «D1», және «G1» санаттағы бір мәртелік визаларды, сондай-ақ «F1» санатындағы бір мәртелік және екі мәртелік санаттағы визаларды ресімдеген кезде, визалық қолдауды немесе шақыруды ұсыну қажеттілігінен босатылған мемлекеттердің тізімінде көрсетілген елдердің азаматтары;
2. «Туристік» санаттағы визалардың иелері;
3. Қазақстан Республикасына жұбайларымен, балаларымен немесе ата-аналарымен - шетел азаматтарымен бірге келген шетелдіктер;
4. Қазақстан Республикасымен байланысын растайтын құжаттардың иелері (ұлттық паспорттағы баған немесе Қазақстан Республикасында туған туралы куәлік, Қазақстан Республикасында жақын туысының жерленгені туралы құжаттың көшірмесі, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы анықтаманың көшірмесі);
5. Қазақ диаспорасының өкілдері-шетелдіктер.

Қазақстан Республикасында уақытша болуы 6 айдан астам мерзімді құрайтын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу үшін қосымша:

- о толтырылған екі мекенжайлық келу парағы.
- о келу парағына толтырылған статистикалық есепке алу талоны.
- о 3,5x4,5 мм мөлшердегі бір фотосурет
- о Автоматтандырылмаған қызмет

e.gov

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР
ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

ШЫҒУ ВИЗАЛАРЫН ҰЗARTU ЖӘНЕ БЕРУ

Қызметті мемлекеттік органдар қалай алуға болады (қажетті құжаттар):

Визаның барлық санаты үшін:

1. Виза алу үшін визалық сауалнама не көлемі 3,5x4,5 сантиметр түрлі түсті не ақ-қара фотосуреті.
2. Жарамды шетелдік паспорты.
3. Мемлекеттік бажды төлегенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы.

“A5” санатындағы (инвесторлық) визаны ресімдеу үшін қосымша:

1. Шақырушы тараптың қолдау хаты.
2. Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі уәкілетті органының қолдау хаты ұсынылады.

Қосымша

“A5” санатындағы визаны ұзарту үшін, шақырушы тараптың қолдау хаты және Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі уәкілетті органының жазбаша растауы ұсынылады;

“B3” санатындағы (келіссөздер жүргізуге, келісімшарттар жасасуға келетін адамдарға, сондай-ақ құрылтайшыларға немесе директорлар кеңесінің мүшелеріне) визаны ресімдеу үшін қосымша:

1. Шақырушы тараптың визаларды беру не этникалық қазақ, бұрынғы отандастар және (немесе) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтары болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының жазбаша өтініші ұсынылады.
- Көп мәртелі визаларды ресімдеу үшін – шарттың немесе келісім-шарттың көшірмесі (осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген адамдарға талап етілмейді).
- “B14” (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға шығу кезінде Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдарға) санатындағы визаларды ресімдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұрақты тұруға ішкі істер органдарымен берілген рұқсат негізінде ұсынылады.
- “B15” (Қазақстан Республикасының аумағында паспорттың жоғалтқан адамдар) санатындағы визаларын ресімдеу үшін қосымша:
1. Шақырушы тараптың не көрсетілетін қызметті алушылардың визаны беру туралы жазбаша өтініші (бұдан әрі – қолдау хат).
2. Қазақстан Республикасына кіру және ішкі істер органдарында тіркелу туралы деректерді растау кезінде оралуға арналған куәлік (басқа жол жүру құжаты) ұсынылады.
- “B16”, “B17”, “B18” санатындағы визалар ішкі істер органдарының қорытындысы негізінде беріледі. Бұл ретте визалық сауалнама қажет емес.
- “B19” (жазасын өтеген немесе жазадан босатылған адамдар, сондай-ақ пробациондық бақылау мерзімі өткен, жазаны орындау мерзімі ұзартылған адамдар) санатындағы визаларды Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің немесе оның аумақтық органдарының не жергілікті полиция қызметінің (шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар үшін) хабарламасы негізінде беріледі, бұл ретте визалық сауалнама қажет емес.

“B20” (форс-мажорлық мән-жайларға байланысты визаның жарамдылық мерзімінің немесе болудың рұқсат етілген визасыз мерзімінің өткенге дейін шықпаған адамдар) санатындағы визаларды беру үшін қосымша:

1. Қолдау хат.
2. Визаның жарамдылық мерзімінің немесе болудың рұқсат етілген визасыз мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге кедергі болған форс-мажорлық мән-жайлардың, рейстің, поезд немесе өзге көлік құралы жөнелтілімінің кідіргені немесе ауыстырылғанын растайтын құжаттар ұсынылады;
- “B21” (өздеріне қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыс деп танылатын әрекетті жасады деп хабарланған адамдар) санатындағы визаларды беру үшін қосымша:
1. Қолдау хат.
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде өтінішті тіркеу туралы талон-хабарлама ұсынылады.
- “B21” санатындағы визаны ұзарту үшін алдын ала тергеп-тексеру жүзеге асыратын органның не қылмыстық істі қарап жатқан соттың жазбаша өтініші ұсынылады;
- “B22” (қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдар және оларға қатысты қылмыстық іс тоқтаған, сондай-ақ өзге адамдардан Қазақстан Республикасынан тыс шығуға қойылған заңды шекті алынған адамдарға) санатындағы визаны беру үшін қосымша прокурор бекіткен немесе келіскен қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны не Қазақстан Республикасынан шығуға шектеу қойған уәкілетті органның ақпараты қосымша ұсынылады;
- “C3” (еңбек қызметін жүзеге асыру үшін) санатындағы визаны беру үшін қосымша:
1. Шақырушы тараптың қолдау хаты.
2. Жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тарту үшін берілген рұқсатты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес, виза алушыға шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаты талап етілмейтінін растайтын құжаттар ұсынылады.
- “C3” санатындағы визаны ұзарту үшін, егер мұндай рұқсат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілсе, бастапқы визаны алуға шақыруды бұрын ресімдеген шақырушы тараптың қолдау хаты және жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат;
- “C4” (экономиканың басым

салаларында талап етілетін мамандықтар бойынша өз бетінше жұмысқа орналасу үшін) санатындағы визаны беру үшін қосымша:

1. Қолдау хат.
2. Біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама;
3. Заңды тұлға – Қазақстан Республикасының резидентімен жасалған біліктілігіне сәйкестігі туралы анықтамада көрсетілген мамандығы бойынша еңбек шарты ұсынылады.
- “C4” санатындағы визаны ұзарту үшін қолдау хат және заңды тұлға – Қазақстан Республикасының резидентімен біліктілігіне сәйкестігі туралы анықтамада көрсетілген мамандығы бойынша еңбек шарты ұсынылады;
- “C9” (Қазақстан Республикасына уақытша келген және Қазақстан Республикасының оқу орындарына оқуға түскен этникалық қазақтар, соның ішінде визасыз режиммен келгендер, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері) санатындағы визаны беру үшін қосымша:
1. Қазақстан Республикасы оқу орнының қолдау хаты.
2. Қызмет алушының ұлттық тиесілігін растайтын құжаттар.
- “C9” санатындағы визаны ұзарту Қазақстан Республикасында тіркелген білім беру мәселесі бойынша уәкілетті органның немесе оқу орындарының қолдау хаты ұсынылады.
- “C11” (кәмелетке толмаған адамдарға) санатындағы визаны беру үшін қызмет алушының заңды өкілдерінің қолдау хаты қосымша ұсынылады;
- “C12” санатындағы визаны беру үшін (емделу қажеттілігі туындаған кезде Қазақстан Республикасындағы адамдарға не жақын туыстары – Қазақстан Республикасының азаматтарына не Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және медициналық мекемелерде емделудегі шетелдіктерге күтім жасайтын адамдарға, сондай-ақ оларды алып жүретін адамдарға) қосымша Қазақстан Республикасында орналасқан медициналық мекеме берген:
- Қазақстан Республикасының медициналық мекемесінде емделіп жатқан қызмет алушыға – шетелдік пациентке ұдайы күтім қажеттілігін;
- көрсетілетін қызметті алушының жақын туыстарына – Қазақстан Республикасының азаматтарына не Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге ұдайы күтім қажеттілігін растайтын құжаттар. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестуі қажеттілік дәрежесі анықталады.
- “C12” санатындағы визаны ұзарту үшін қолдау хат және осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген құжаттар ұсынылады;
- “B2” (жабдықтың монтаждау, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету мақсатында келетін адамдарға не консультациялық немесе аудиторлық қызметтер көрсету мақсатында келетін адамдарға) санатындағы визаны ұзарту үшін Қазақстан

Республикасында болу мақсатын көрсете отырып, бастапқы визаны алу үшін шақыруды бұрын ресімдеген шақырушы тараптың қолдау хаты ұсынылады;

“B7” (оқу практикасынан немесе тағылымдамадан өту үшін, Қазақстан Республикасына келген адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері) санатындағы визаны ұзарту үшін бұрын шақыру ресімдеген тараптың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы орталық орындаушы органның қолдау хаты ұсынылады;

“B8” (Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты ресімдеу үшін Қазақстан Республикасына келген адамдар) санатындағы визаны ұзарту үшін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты ресімдеу үшін құжаттарды тапсырғаннан кейін, қолдау хаттың негізінде жүзеге асырылады;

“C2” (отбасын біріктіруге арналған) санатындағы визаны ұзарту үшін мынадай құжаттар болған жағдайда шақырушы тараптың жазбаша өтініші ұсынылады:

- шақырушы адамда отбасының әрбір мүшесін күтіп-бағуға айына, республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде қаржылай қаражаттың болуын растауы;
- шақырушы адамда Қазақстан Республикасының аумағында алаң “Тұрғын үй қатынастары туралы” 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ “Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы” Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексіне сәйкес белгіленген санитариялық және өзге де нормаларға сәйкес, отбасының әрбір мүшесіне шаққанда белгіленген ең төмен нормативтерге сәйкес келетін тұрғын үйдің болуын растауы (нотариалдық куәландырылған көшірмесі);
- көрсетілетін қызметті алушының медициналық сақтандыруы - шақырушы адамның отбасы мүшелері үшін;
- көрсетілетін қызметті алушының шақырушы адаммен отбасылық қатынастарын растайтын, Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің осыған уәкілетті мемлекеттік органдары ұсынған құжаттардың нотариатта куәландырылған көшірмелері;
- “C5” (бизнес-иммигранттар болып табылатын адамдар үшін) санатындағы визаны ұзарту үшін астана, Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар қалалардың және облыстардың және олардың аудандарының жергілікті атқарушы органдарының жазбаша өтініші ұсынылады.
- “C7” (миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін) санатындағы визаны ұзарту үшін, діни қызмет саласын реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосымен келісілген Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген діни бірлестіктің жазбаша өтініші ұсынылады.

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ:

Егер Сізде өзіңіздің емдеуші дәрігеріңіз тегін рецепті бойынша Сізге берген Вазар 80 мг. препараты бар болса

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ

Егер Сізде өзіңіздің емдеуші дәрігеріңіз тегін рецепті бойынша Сізге берген Вазар 80 мг. препараты бар болса

СІЗГЕ 2018 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚЫРКҮЙЕГІНЕ ДЕЙІН ҚАЖЕТ:

1 ҚАДАМ

Сіз өзіңізде бар барлық **ВАЗАР 80 мг.** қаптамаларын (соның ішінде ашылғанын да) оны алған дәріханаға **ҚАЙТАРЫҢЫЗ**

2 ҚАДАМ

Бұдан әрі емдеу бойынша тағайындаулар алу үшін өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге **БАРЫҢЫЗ**

Ескерту*: Дәріханадағы фармацевт Сіздің препараттарыңызды қаптамадағы сериялық нөмірі сәйкес келген жағдайда ғана қабылдайды

471217, 471317, 301717, 333217, 209917, 419817, 419917, 420017, 488117

3 ҚАДАМ

Емдеуші дәрігер Сізге жаңа емдеу курсың **ТАҒАЙЫНДАЙДЫ**

4 ҚАДАМ

Өзіңіздің дәріханаңыздан дәрігердің рецепті бойынша жаңа препарат **АЛЫҢЫЗ**

Жайдары жаздың өз келіміліктері бар. Маса, ара, кене сияқты жәндіктер жаныңа маза бермейді. Сәті түссе, шағып алуға тырысады. Оның зардаптары да аз емес. Bazibar.kz



жәрдем шақырып, тыныштан-дырғыш дәрі қабылдаған жөн. Әйтпесе, у бүкіл денеге жайылып, анафилаксиялық шок алу қаупі бар. Бұл адам өміріне аса қауіпті.

Қандай жағдайда жедел жәрдем шақыру керек?

- Егер тыныс алу қиындаса;
- Бас айналса;
- Зақымданушы есінен танып қалғанда;
- Жүрек соғысы жиілеп кетсе;
- Жүрек айныса немесе құсқан жағдайда;
- Дененің жәндік шаққаннан басқа жерлерінде бөртпе пайда болғанда.

Жәндіктердің шағуынан қалай сақтануға болады?

Жаздың күні, әрине, жәндіктерден сақтану қиынға соқпақ. Алайда, қарапайым қағидаларды сақтау арқылы олардан қорғануға болады.

• Табиғат аясында жиі тамақтанбауға кеңес береміз. Өсіресе, жәндіктер тәтті тағамдар мен сусындардың иісін жақсы көреді.

• Жалаң аяқ жүрмеуге тырысыңыз. Себебі, жерде неше түрлі жәндіктер жүреді. Егер оларды байқамай басып кетсеңіз, олар да қарап қалмайды. Сондықтан, жағажайда да абай болыңыз.

• Мейлінше, жеңі мен етегі ұзын киімдер киіңіз. Жәндіктер көбінесе дененің ашық жерлерін шағады.

• Жаздың күні иіссу пайдаланатындарға жәндік атаулы үйір келеді. Сондықтан, иіссу, тәтті иісті кремдерді азырақ пайдаланыңыз. Есесіне, ісі жағымды болмаса да, масаға, жәндіктерге қарсы кремдерді жағып жүру артық етпейді.

• Жәндіктер шоғырланған жерлерге, құмырсқа илеуінің

ЖӘНДІКТЕР

ШАҒЫП АЛҒАНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Bazibar.kz масадан қалай қорғану керектігі туралы жазған болатын. Ал бүгін жәндіктер шағып алғанда не істеу керек, шаққан жер ісіп кетпес үшін қандай алғашқы көмек түрлерін көрсету керек, жәндіктер шағып алса, дәрігерге көріну қажет пе деген сауалдарға жауап береміз.

Кез келген жәндік шаққан соң жара пайда болары анық. Сол жара жылдам жазылу үшін, мынадай шаралар жүргізген дұрыс:



• Егер сізді ара шағып алса, алдымен денеде піскек мұрты қалып

қоймағанына көз жеткізіңіз. Мейлінше, жылдам оны теріден алып тастау керек. Себебі, араның тұмсығындағы у дененіңізге жайылып кетуі мүмкін.

• Жәндік шаққан жерге 15-20 минут салқын компресс немесе мұз басыңыз. Бұл ісіктің бетін қайтаруға көмектеседі.

• Шаққан орын қызарып немесе бөртпес үшін, арнайы гель немесе жақпа майын қолданыңыз. Егер қала сыртына демалысқа шығатын болсаңыз, шағын дәрі қобдишасын алуды ұмытпаңыз.

• Жәндіктер шаққанда өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, аллергияға қарсы дәрі-дәрмек түрлерін қабылдауға болады. Бұл дәрігерге жеткенше көмектеседі. Жағдайыңыз нашарлап кетсе, дереу емханаға барып қаралған жөн. Себебі, шағатын жәндіктердің көпшілігі улы болып келеді. У ағзаңызға тарап кетсе немесе қалып қойса, кейін де зардаптары байқалуы мүмкін.

• Саусақтарыңызды шағып алса, сақина, жүзіктеріңізді, қолыңызды шағып алса, білезіктерді шешіп тастаған дұрыс. Қолыңыз ісіп кетсе, кейін шешіп алу қиынға соғады.

• Жәндіктер шағып алған жағдайда, алкогольді ішімдіктерден аулақ болыңыз. Алкоголь қан тамырларын кеңейтеді, демек удың бойыңызға таралуы жылдамдайды.

• Егер жәндік дененің аса сезімтал бөлігін шағып алса, зардаптары қиын болуы мүмкін. Мысалы, жәндік ауыз қуысын шағып алса, ісіктің кесірінен тыныс алу, сөйлеу, тамақтану процесі қиындап, адам өміріне қауіп төнуі мүмкін. Егер жедел жәрдем кешігіп жатса, жақын жерде емхана болмаса аздап салқын су ішіп, мұз басу керек.

• Ең қауіптісі – аллергия. Мысалы, қалақай көбелек (крапивница) шағып алған жағдайда, денеде бөртпе пайда болып, дене дуылдап қышыса жедел

суды мұрынмен ішке тартып, ауызбен түкіріп тастайды.

4. Бал мен зәйтүн майы
Табиғи балды зәйтүн майымен тең мөлшерде араластырасыз. Шалқаңыздан тамызу керек. Осыдан кейін 2 сағатқа дейін далаға шықпаған дұрыс.

Халықтық әдістермен емдеуден басқа, гайморитпен ауыратын адам маман-дәрігерлердің де көмегінен бас тартпағаны жөн. Осы аурумен ауыратындар мынаны ескергені дұрыс: салқын тигізбеу, тұмау ауруының кез-келген белгісі байқала салысымен емделу және берілген барлық дәрігерлік кеңестерге құлақ асу керек.

Бұл ауруға немқұрайды қарамаңыз. Өйткені, гайморитті дер кезінде емдемесе, кеңсірікке түскен ірің миға шауып, менингит ауруына ұласуы мүмкін.


Бұл түрдегі ауруды халықаралық «Жас-Ай» медициналық орталығы ауру ошағы белең алған орындағы қан айналым каналдарын алтын ине арқылы аршып, тосылған қанды жүргізеді, түрлі шөп дәрілердің қуатын ине арқылы өткізіп, емдейді. Мұның ұтымдылығы айтарлықтай. Сонымен қоса қабынуына қарсы, кері әсері жоқ шөп дәрілер береді. Бұл емдеу тәсілдері Қытай елінің ғасырлар бойы жинаған құнды тәжірибелерінен келген тиімді жүйе.

«Жас-Ай» журналы, 2018 жыл

Гайморит ауруының негізгі қоздырғыштары - инфекция: вирустар мен бактериялар. Индет (инфекция) мұрын қуысы және қан арқылы гайморит қуысына түсіп, оны зақымдайды. Көп жағдайда жоғарғы жақ тіс тамырларын қоршап жатқан етті аумақ жұмысының қалыпты жағдайдан ауытқуынан вирустар мен бактериялар гайморит қуысына еніп кетеді. Гайморит ауруының белгілері: бас ауруы, мұрынмен тыныс алудың қиындауы, мұрыннан қою сұйықтықтың ағуы, тұмаудың ұзаққа созылуы.

ГАЙМОРИТТИ ҚАЛАЙ ЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ?

Иіс сезу, ұйқыны бұзатын бұл ауруды халықты медицина арқылы емдеудің бірнеше жолы бар:



1. Картоп

Картопты қабығымен қайнатыңыз. Бұл картоп қабығында микробтар болса және өзге де жұқпалы вирустардан сақтайды. Қайнатылған картоптың суын төгіп тастаңыз. Басыңызды бүркеп, картоптың буына дем алыңыз.

2. Мұрынды лимон шырынымен жуу

Ол үшін сізге 1 лимон және қайнаған су қажет. Лимон шырынын шығарып алып, 1:10 стаканға құйып, үстіне қайнаған су құйыңыз. Сосын оны кеңірек ыдысқа құйып, басыңызды иіп, мұрныңызбен сол тұнба мұрынның ішіне кетеді, бірақ ол аузыңыздан шығады. Бұл мұрынды тазалау керек.

3. Жұмыртқамен жыпыты

Гайморит дендеген орындарды бүтіндей ашылған жұмыртқамен жылытады. Ыстық жұмыртқаларды майлыққа (орамал) орау қажет, майлыққа оралған жұмыртқаларды мұрынның екі жағынан да жұмыртқалар әбден суығанша ұстау қажет. Бұл процесс жатар алдында орындалса, әсері мол болмақ.

4. Йод

Қайнатылған жылы суға йод тұнбасының бірнеше тамшысын немесе марганцовканың бірнеше түйірін қосып, осы қоспамен мұрын танауларын шаю қажет. Гайморитпен ауырғандардың көпшілігіне тұзды сумен жуу да пайдалы. Мәселен, тұз салынған жылы-

«Жас-Ай» Халықаралық медициналық орталықтың Шымкенттегі филиалының мекен жайы: Шымкент қаласы, Бәйдібек би даңғылы №47/1 үй, Байланыс телефондары: 8 778 000 57 38

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ДУЛАТ ИСАБЕКОВТЫҢ КІТАПХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Бүгін Ордабасы ауданында жазушы, драматург, қоғам қайраткері Дулат Исабековтың кітапханасы ашылды. Салтанатты шарада Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ұласбек Сәдібеков сөз сөйлеп, Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың сыйлығын тапсырып, құттықтау хатын оқып берді.

Өңір басшысының құттықтау хатында «Сізді Түркістан облысының Ордабасы ауданы, Жаңатұрмыс ауылындағы кітапханаңыздың ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Сіздің шығармаларыңыз – өмірдің өзінен алынған. Айналадағы күнде көріп жүрген құбылыстар өзіндік құнарлы да қарапайым тілімен әлеуметтік деңгейге дейін көтерілген шыншыл туындылар. Ұлтының көкейіндегі ойын айтып, жоғын іздеуден танбайтын, терең ойлары мен қалам қазынасын қатар ұстап, үнемі сергек жүрегін әйгілі жазушы әдеби орта мен жалпы оқырман ықыласына бөленген бақытты жазу-

шы деп сеніммен айта аламыз. Шығармашылық қызметте үздіксіз ізденіс пен табандылықты, қайраткерлік пен тәлімгерлікті қатар ұстанған Сіз әлемдік өркениеттің өрісіне бет түзеген ұлы көштің алдыңғы қатарында келесіз. Алдағы уақытта да еліміздің өсіп-өркендеуіне қосатын үлесіңіз әлі де еселене түседі деп білемін» делінген.

Кітапхананың ашылу салтанатында ҚР Жазушылар одағының мүшелері, елімізге танымал ақын-жазушылар мен зиялы қауым өкілдері сөз сөйлеп, заңғар қаламгерді қуанышымен құттықтады. Атап айтсақ, Бексұлтан Нұржекеев, Құлбек Ергөбек, Қасымхан



Фото авторы Жанібек Нұрлы

Бегманов, Қазыбек Иса және өзге де қаламгерлер сөз сөйледі. Кітапхана өрі мұражай ретінде салынған үйде Дулат Исабековтың кітаптары мен түрлі

марапаттары, өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін заттар қойылған. Жазушының жұмыс істейтін және демалатын бөлмелері де

талапқа сай. Сонымен қатар, қазақ және әлем жазушылары мен ақындарының кітаптары бар. Жалпы саны 2500 кітапты жазушының өзі

тарту еткен. Алдағы уақытта бұл кітапхана әлемнің әдебиет жауһарларымен толығады.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде қолға алынған іс-шараға ел ағалары мен оқырман қауым ризашылығын білдірді. Енді бұл кітапханадан тек Ордабасы ауданының тұрғындары ғана емес, осы ауданға келген қонақтар да рухани қазына алып, танымдарын кеңейтеді. Жиын соңында Дулат Исабеков өзіне құрмет көрсеткен жерлері мен оқырман қауымға, облыс басшылығына алғысын айтып, қазақ әдебиетіне үлес қоса беретінін жеткізді. Осы шығармашылық үйінде түрлі шығармаларын жалғастыратынын айтты. Салтанатты шарада Арыс қаласы мен Ордабасы ауданының өнерпаздары өннен шашу шашып, еңбектері Лондонды мойындатқан жазушыға құрмет көрсетті.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз



Фото авторы Жанібек Нұрлы

ҮШ ШЫҒА ТӨЛЕ БИ, ҚАЗЫБЕК БИ ЖӘНЕ ӘЙТЕКЕ БИДІҢ ЕСІМДЕРІ БЕРІЛДІ

Түркістан облысындағы «Сайрам-Өгем» МҰТП аумағында «Бұл – біздің таулар» атты тау фестивалі қорытындыланды. Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен өткен фестивальді облыстық туризм және сыртқы байланыстар басқармасы мен Түркістан облыстық альпинистер федерациясы ұйымдастырды.

Іс-шараның мақсаты – ішкі, спорттық-экологиялық туризмді дамыту, облыстың туристік әлеуетін насихаттау және «Рухани

жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру.

«Бұл – біздің таулар!» фестивалі 2018 жылы үш биге арналды. Атап айтсақ, облыстағы 3 биік шыңға Төле, Қазыбек, Әйтеке бидің есімі берілді. Бұрын Студентов (3750 м) деп аталған шың енді Әйтеке би шыңы деп аталса, Кергели узловая (3787 м) шыңына Қазыбек бидің есімі берілді. Ал, Рощина (3860 м) шыңы енді Төле би шыңы деп аталады.

Бетті дайындаған: Әйгерім ӘЛІБЕКОВА.

Ел рухын көтерген фестивальде Қарағанды, Ақтөбе, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласынан жиналған 30-ға жуық альпинистің 15-і аталған шыңдарды бағындырды.

Салтанатты шарада Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ербол Тасжүреков «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен фестивальдің маңыздылығына тоқталып, альпинистерді Алғыс хатпен марапаттады. Түркістан облыстық альпинистер федерациясының президенті Бақытжан Асанов туризмді дамыту бағытындағы мұндай бастамалар алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Іс-шара барысында велосеру, ұлттық ойындардан сайыстар, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Ел ағалары ұлы тұлғалар туралы деректер айтып, ақ баталарын жаудырды. Тау баурайында үш бидің құрметіне ас беріліп, патриоттық әндер шырқалды. Фестивальге жиналған көпшілік Төле би ауданының табиғатына тамсанып, ішкі туризмді дамытуға үлес қосып қайтты.

Халық ақыны

ТӨСБЕЛГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Бүгін Қазақстанның халық ақыны Қалыбекова Әселхан Әлішерқызы Елордасы-Астананың 20 жылдығына арналған «Астанаға - 20 жыл» төсбелгісімен марапатталды.

Айтыс өнерінің ақтаңгері атанған Әселхан Әлішерқызының еліміздің дамуы жолында қосқан елеулі үлесі үшін берілген тарихи марапатты Отырар ауданының әкімі Айтаханов Ерлан Қуанышұлы бір топ зиялы қауым өкілдерімен бірге ақын шаңырағына барып, арнайы табыс етті.

«Қазақтың төл өнері айтысты дамытуға қосқан үлесіңіз өте зор. Кеңестік кезеңнің өзінде ақын ретінде ұлттың мұңын мұндап, жоғын жоқтағансыз. Тәуелсіздік тұсындағы еңбегіңіз - бір төбе. Құрмет пен марапатқа кенде емессіз. Десек те, бүгінгі төсбелгінің орны ерекше. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын Сіз жүйелі түрде халық арасында насихаттап, жүзеге асырып келесіз. Әлі де осы игілікті ісіңізді жалғастыра беріңіз. Денсаулығыңыз мықты болсын»-деп, ана кеудесіне еңбектің адал төсбелгісін таққан аудан әкімі Ерлан Қуанышұлы қаншама



ұлылар дүниеге келген Отырар өңірі асыл ақынымен де ерекше екенін жеткізді.

Әселхан Әлішерқызы - Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының, Көксарай ауылында дүниеге келген. Ол «Сыр бойының сүлейі» атанған Ергөбек Құттыбайұлының немересі. Ақын ана көптеген халықаралық, республикалық ақындар айтысының жеңімпазы атанған. Оның «Алладан пәрмен сұраған», «Басыңды тікпей бақ қайда?», «Әселхан әлемі», «Сырттап кеткен тамырлар» кітаптары жарық көрген. Қазіргі күнге дейін болашақ сұлу сөз сүлейлерін тәрбиелеу жолында тынбай еңбек етіп, айтыс аламанына көптеген жас ақындарды қосып, қазақ өнерін ұрпақ баласына айрықша дәріптеумен

Құтты болсын!

Ғабидолла балам,
Мегаполис басқарғаның
құтты болсын!
Орынбасарларың
жүз пайыз,
Өз саулығың екі жүз пайыз
Мықты болсын
Шымқаланы басқару
оңай емес.
Жолын тапса, қыянда
емес.

Әлімсақтан жеткен
Бөлесі
Жездесі,
Жерлесі...
Таныстық тамырлап
кеткен.
Кәне, балам,
Рухани жаңғырып
Жемқорлықты тыйып
Таныстықтың
желкесін қып
өзіңді бір көрсетші.

Шымқала ТМД-ның
Мәдени астанасы болып,
Азияның бас қаласы
болып,

Жарқырасын!
«Қошқарата»
гүлзарларға толып,
Сарқырасын.

Өзің айтқандай
Қонақ үй көп болып,
Туризмді дамытайық.
Берісі Берлиннен,
Арысы Лондоннан,
Сәулетшілер алдырайық.

Сөйтін,
Астана мен Алматы,
Әсет пен Бауыржанды
Таң қалдырайық.

«Өзің Болашақпен»
Алманияда оқып,
Үш тілді меңгергенсің.
Батыстың өркениетін
көргенсің.

Бір ауданды
Мемлекеттік тіл ет те,
Үшеуің өзің білетін
Ағылшын,
Орыс,
Неміс тіліне көшір.

Сөйтін,
Шымқаланың мәртебесін
өсір.

Жүрсін, келген қонақ:
«Қабанбай қайда?»
«Тәуке хан қайда?» -деп,
Аудармашы жалдап.
Аздап қызық болсын.

Ғабидолла балам,
Жақсы сөз жақсы.
Жүз жас «тақсы»
Тоқсан бесте жаман емес,
Алла кредитке берсе,
Ала бер.

Жас,
Жақсы әкім боп,
Шымқалада қала бер.
Жұмысың сәтті болсын,
Жемісі тәтті болсын
Аумин!

Ералхан
ЖЫЛҚЫАЙДАРУЛЫ.



Еліміздің медицинасы тек бюджетке қарап отырмай, сақтандыру қорына түсетін жарна арқылы өзін-өзі қаржыландыруға кірісті. Медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына жылдың жүзі болды. Жалпы, жеке кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер төлеген жарналардың жалпы сомасы 88,9 млрд. теңгеден асты.



ШІЛДЕ АЙЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША 8,2 МЛРД ТЕНГЕДЕН АСТАМ ЖАРНА АУДАРЫЛДЫ

Айта кетерлігі, 80,3 млрд. теңгесі (90,3% жуығы) жұмыс берушілердің қарамағындағы жұмыскерлері үшін жасаған аударымдары болса, қалған 8,6 млрд. теңге (9,7%) – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Оның ішінде, Түркістан облысы жинақталған жарнаның 6,5 % құрады. Ал, жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғалардың үлесі 9,7 % құраса, жұмыс берушілер тарапынан аударым 90,3 % жетті.

Аймақтық тұрғыдан алғанда, жарна төлеу жағынан Алматы, Астана қалалары және Қарағанды облысы көш бастап тұр.

Жинақталған қаржы Ұлттық банкте сақталады. Еліміздің бас банкімен қаржыны сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген. Түскен қаражат болашақта МӘМС пакеті шеңберіндегі медициналық қызметтер ақысын төлеуге жұмсалады.

Осы тұста, жинақталған қаражат қазақстандықтардың ортақ игілігіне айналатынын айтпақпыз. Өйткені, өркімнің қорға жинақтаған қаржысы

өзіне ғана жұмсалмайды. Егер олай болса, белгілі бір азаматтың жарнасы ол пайдаланған медициналық қызмет ақысына жетпес еді. Себебі, қазір денсаулықты сақтаудың құны шарықтап тұр. Айталық, лейкоз кезінде сүйектің майын ауыстыру отасы шетелде 150-200 мың еуро тұрады. Қазақстанда – 100 мың еуро шамасында. Мұндай қыруар қаржыны кез келген адамның қалтасы көтермейтіні анық. Сонымен қатар, пневмония (өкпе қабынуы) сынды кең таралған ауруларды емдеуге орта есеппен – 90 240 теңге, соқыр ішекті алып тастау – 67 525 теңге, ал босану құны орта есеппен 52 814 теңгені құрайды екен. Демек, медициналық көмек ақысы өркімнің өзіне жинаған ақшасына ғана тәуелді болса, ол жоғары технологиялы қондырғылардың көмегімен жасалатын операцияларды айтпағанда, қарапайым ауруларды емдеуге де жетпейді. Сондықтан, қорға жинақталған қаражат – күллі қазақстандықтарға ортақ табыс. Өлбетте, адамдардың бәрі бірдей ауыра бермейді. Жылдап емханаға

бармайтын денсаулығы темірдей азаматтар да баршылық. Олардың есебінен қор қаржысы молайса, ертеңгі күні ол күрделі операцияға зәру бір адамның өмірін құтқаруы мүмкін. Медициналық сақтандыру жүйесі арқылы азаматтардың ынтымақтасуы деген осы. Сонымен, өткен жылы қорға жарна құюды жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен нотариустар, кәсіби медиаторлар бастады. 2020 жылдың 1 қаңтарына жарна төлеушілер қатарына мемлекет пен өзін-өзі жұмыспен қамтып жүргендер қосылды. Ал жұмыс істеп жүрген азаматтар жарнаны 2020 жылдың бірінші қаңтарынан бастап төлей бастайды. Жарна мөлшері: 2020 жылы – жалақының 1 пайызын, 2021 жылы – 2 пайызын құрайды. Сақтандырылған азаматтар МӘМС пакеті шеңберіндегі медициналық көмекті 2020 жылдан бастап пайдалана алады. Себебі, жекеменшік клиникалар мен емханалармен және ауруханалармен медициналық қызмет көрсету туралы келісімшарттар осы кезеңде бекітіліп бітуі тиіс. Сондай-ақ, еліміздің

барлық тұрғындары ЖИТС, туберкулез сынды әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеумен қоса, жедел жәрдем, шұғыл көмек, санитарлық авиация көмектерін тегін ала алады. Жарна төлемеген азаматтар амбулаторлық көмек пен шұғыл жағдайлар туындағанда көрсетілетін стационарлық көмекті тегін пайдаланатын болады. Азаматтардың денсаулығын сақтандыру алдымен емханаға тіркелуден басталады. Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу барлық азаматқа міндетті болғандықтан, өркім өзінің құқығын пайдаланып, жұмыс орнына, оқу орнына немесе тұрғылықты жері бойынша емханасына немесе ауруханасына баруы керек. Ол үшін емхананың тіркелу бөліміне жеке куәлікпен келіп, бас дәрігердің атына өтініш жазу жеткілікті немесе телефон арқылы да мөртебеңізді анықтауға болады. Бұл ретте ешқандай да мекен-жай анықтамасы талап етілмейді. Сондай-ақ, дәрігер мен емхананы еркін таңдау құқығы жылына бір реттен аспау керектігін де есте ұстаған жөн. Ал тиісті ем-домды жасау алдымен емханадағы жалпы тәжірибелік дәрігерден басталады. Өзге клиникаларға немесе дәрігерге қаралу үшін, қолыңызда міндетті түрде жергілікті емхана дәрігерінің жолдамасы болуы қажет, онсыз ешкім сізді тегін қарамайды. Егер дәрігер тиісті жолдаманы бермей жатса, онда құқыңызды қорғап, міндетті медициналық сақтандыру қорының ресми сайтына арыз-шағым қалдыруға болады.

А.БЕДЕН,
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес АҚ Түркістан облысы бойынша филиалының бөлім басшысы

М.КУСЕМБАЕВА,
ШЖҚ «Т.Орынбаев атындағы облыстық»

ЭЛЕКТРОНДЫ - ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАБА КІЛТТЕРІНІ МЕРЗІМІ 3 ЖЫЛҒА ҰЗАРТЫЛДЫ

Қазақстанда электронды-цифрлық қолтаңба кілттерінің мерзімі 3 жылға ұзартылды, деп хабарлады «ҰАО» АҚ баспасөз қызметінен.

«14 тамызда «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ электронды-цифрлық қолтаңба кілттерінің мерзімі 3 жылға ұзартылғаны туралы хабарлайды. Мемлекеттік қызметтерді алушылар тіркеу куәліктерінің (ЭЦҚ кілттері) жеке куәлік, eToken PRO 72K, JaCarta, Kaztoken, Akey сияқты қорғалған тасымалдылаушылардағы негізгі ақпарат 3 жылға дейін сақталады», - делінген сейсенбіде таратылған хабарда.

Файлдық жүйеге шығарылған ЭЦҚ кілттерінің жарамдылық мерзімі өзгермейді, яғни 1 жылға тең болып қала береді. Өйткені файлдық жүйе сертификатталғандар санатына жатпайды, өрі жабық кілттерді ұзақ уақыт қауіпсіз сақтауға мүмкіндік бер-

мейді.

Электронды-цифрлық қолтаңба кілттерінің жарамдылығын ұзарту азаматтардың қолайлығы үшін жүзеге асырылған шара. Егер де бұдан бұрынғы уақытта мемлекеттік қызметтерді пайдаланушылар кілттерді «электрондық үкіметтің» порталындағы жеке кабинет арқылы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ бөлімшелеріне жыл сайын барып мерзімді ұзартып отырған болса, ендігі уақытта ЭЦҚ-ны қайта шығару үшін үш жылда бір рет аталған бөлімшелерге баратын болады.

Естеріңізге салсақ, ЭЦҚ кілттерінің мерзімінің аяқталуына 30, 15, 7 күн қалғанда, пайдаланушының электронды поштасына (егер де ЭЦҚ кілтін алу барысында өтінімде поштасын көрсеткен болса) ЭЦҚ кілттерін қайта шығару керек екендігі

ҚМДБ: ҚҰРБАН АЙТ 21 ТАМЫЗДА БАСТАЛАДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2018 жылы Құрбан айт мерекесі тамыз айының 21-і күні басталатынын хабарлайды.

Биыл мұсылман күнтізбесі бойынша зүлхиджа айының бірінші күні тамыздың 12-не, ал, Арапа күні 20 тамызға сөйкес келеді.

Арапа – қажылар Арафа жотасында құлшылық ететін күн. Қажылыққа бармаған мұсылмандар үшін арапа күні ауыз бекіту – мұстахаб (жағымды) амал.

Әбу Қатадан жеткен хадисте: «Арапа күнінің оразасы өткен және келер жылдардың күнөларына көфәрат (кешірім) болады...» делінген.

Жағдайы бар, өрі жолаушы емес мұсылманға құрбандық шалу – уәжіп, мұсылмандық міндет.

Құрбандыққа түйе, сиыр және қой (ешкі де) шалынады. Бір қошқар немесе қой бір кісі атынан шалынады. Ал қара мал немесе түйені жеті кісі бірігіп, құрбандыққа шалуға болады. Құрбандық малын айт намазынан кейін айттың үшінші күні күн батқанға дейін шалуға болады.

Құрбандық етін үшке бөліп таратуға болады. Бір бөлігі өзіне қалады, екінші бөлігі ағайын-туыс, көршілерге беріледі, үшінші бөлігі көмекке мұқтаж кісілерге таратылады.

ИНДОНЕЗИЯДАҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА ҚР ҚҰРАМАСЫНАН 30-ДАН АСТАМ ЖЕҢІЛ АТЛЕТ ҚАТЫСАДЫ



Жеңіл атлетикадан Ұлттық құраманың бас бапкері Григорий Егоров Джакартада ел намысын қорғайтын жеңіл атлеттердің толық тізімін бекітті, деп хабарлады Olympic.kz.

«Жеңіл атлеттік бағдарлама Азия ойындарының екінші жартысына жоспарланған және 25-30 тамыз аралығында Индонезия астанасы Джакартада өтеді. Жеңіл атлетикадан Қазақстан құрамасының сапында 33 спортшы бар (15 ер адам және 18 әйел). Олар қысқа және орта қашықтыққа, марафонда, тосқауылдар арқылы жүгіруге, түрлі эстафеталарға, ядр серпуге, ұзындыққа, биіктікке секіруге, сырықпен секіруге, үш қарғып секіруге, сондай-ақ 20 шақырым спорттық жүріске қатысады», - делінген жексенбідегі хабарда. Құрама сапына Алматы, Астана және Қазақстанның

9 облысынан өкілдер кірген: Қарағанды, Алматы, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Жамбыл, Батыс Қазақстан және Түркістан. Ерлер арасында жүгіруге Александр Каспер, Владислав Григорьев және Алексей Гусаров, тосқауылдар арқылы жүгіруге - Вячеслав Земс пен Давид Ефремов қатысады. Аралас эстафетаға Михаил Литвин, Андрей Соколов пен Дмитрий Коблов, ядр лақтыруға - Иван



Иванов, сырықпен секіру - Никита Филиппов пен Сергей Григорьев, спорттық жүрісте - Георгий Шейко, марафонда - Михаил Красилов, биіктікке секіруге - Антон Боднар. Әйелдер құрамында жүгіруге Виктория Зябкина, Ольга Сафронова және Маргарита Мукашева, тосқауылдар арқылы жүгіруге - Анастасия Виноградова, Айгерим Шыназбекова, Аделина Ахметова және Мерджен Ишангулиева қатысады. 4x100 эстафетасына Рима Ка-

шафутдинова, аралас эстафетаға Элина Михина, Светлана Голендова және Любовь Ушакова қатысады. Үш қарғып секіруге және ұзындыққа секіруге Ольга Рыпакова мен Ирина Эктова, биіктікке секіруге - Надежда Дубовицкая қатысады. Тосқауылдар арқылы жүгіруге Татьяна Нерознак, марафонға - Гульжанат Жаннатбек, спорттық жүріске - Айман Ратова мен Диана Айдова қатысады

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ СПОРТШЫЛАР ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА БАРАДЫ



Индонезия астанасы Джакарта қаласында 18 тамыз бен 2 қыркүйек аралығында өтетін XVIII жазғы Азия ойындарына Сыр өңірінен 17 спортшы барады.

Сыр саңлақтары 9 спорт түрінен бақ сынайды. Атап айтқанда, байдарка және каноэде есуден Мерей Медетов, каратэ-до спортынан Мөлдір Жаңбырбай барады.

Ал таеквондодан Айнұр Есбергенова ел намысын қорғаса, самбодан Динара Қодарова, велоспорт Роберт Гайнеев, Асылхан Тұрар сайысқа түседі. Сондай-ақ, кураштан Арайлым Қанзада, мен Нұрлыбек Алдабергенов, стенд атуда Максим Коломеец сайысқа түседі.

Гандболдан ел құрамасы сапында Дана Әбілда, Мария Пупченкова, Татьяна Давыдова, Наталья Ильина, Виктория Колотинская, Вероника Хардина ойын көрсетсе, көгалдағы хоккейде Гузаль Бахавадин мен Алиса Чепкасова құрама жейдесін киеді.



ТҮРКІСТАНДЫҚ КӨКПАРШЫЛАР АЛҒАШ РЕТ ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП ЖАРДЫ

3 - 10 тамыз аралығында Көкшетауда көкпардан жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының VII чемпионаты өтті. 9 команда бақ сынаған доданың ақтық сайы-

тында топ жарды. Енді спортшыларымыз 20 - 27 тамыз күндері Петропавл қаласында өтетін жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатына дайындықтарын пысықтайды.

«Бүгінгі таңда ҚР мәдениет және спорт министрлігі Д.Тен атындағы мәнерлеп сырғанау академиясын ашу мәселесін қарастыруда. Барлық жайттар анық болғаннан кейін, біз бұған қатысты толық ақпарат беретін боламыз. Десек те, Д.Тен атындағы мәнерлеп сырғанау академиясы міндетті түрде ашылады», - деп мәлімдеді жұма күні ҚР мәдениет және спорт министрлігінен.

Естеріңізге сала кетейік, Д.Тенді 19 шілде күні өлтіріп кеткен болатын. Қайғылы жағдай Алматының ортасында орын алды. Қаскөйлер көлік тұрағында тұрған спортшының көлігінің жанындағы айнасын шешіп

ДЕНИС ТЕН МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ АКАДЕМИЯСЫ АШЫЛАДЫ

алмақ болған. Сол кезде оларға көлік иесі - Д.Тен келіп қалған. Сол сәтте ұрылар мен спортшы арасында төбелес болып, спортшы пышақтан ауыр жараланып, ауруханада көз жұмды.

Бұған дейін хабарланғандай, қылмысты жасаған деген күдікпен 24 жасар Жамбыл облысының тумасы Нұралы Қиясов пен 23 жасар Қызылорда облысында тіркелген Арман Құдайбергенов ұсталды. Полиция-

да айтқандай, олар екеуі де қылмыстарын мойындаған.

Қазақстан спортына еңбегі сіңген спорт шебері, Олимпиада-2014 қола жүлдегері, 2015 жылғы Төрт құрлық чемпионатының жеңімпазы VII қысқы Азия ойындарының чемпионы және көптеген басқа да марапаттар иесі Д.Тен Қазақстан тарихында мәнерлеп сырғанаудан атақты спортшы болған еді.

ТУ КӨТЕРЕТІН СПОРТШЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНАН НЕ КҮТЕТІНІН АЙТТЫ



Ту ұстаушы спортшы Азия ойындарынан не күтетінін айтты АСТАНА. ҚазАқпарат - Азия ойындарында Қазақстан ұлттық құрамасының туын ұстайтын боксшы Әбілхан Аманкүл (75 кг) дүбірлі додадан не күтетіні туралы айтты, деп хабарлайды «SPORTINFORM» САА.

«Көңіл күйіміз тамаша, қазір біз Азия ойындарына қызу дайындық үстіндеміз. Азидада осал қарсылас болмайды. Ал кім мықты екенін сол жерде анықтаймыз. Жанкүйерлерге рахмет, сіздерді қуанта аламыз деп ойлаймын», - деді Аманкүл. Қазір Әбілхан Аманкүл Астанада ұлттық құрама команданың басқа мүшелерімен бірге Азия ойындары алдындағы соңғы жаттығуларын өткізіп жатыр. Азия ойындары 18 тамыздан 2 қыркүйекке дейінгі аралықта өтеді.

АЙҒАК
МЕДИА
Газет ҚР Мәдениет және спорт министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарында есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа ЖШС

Ұлжан Қасымжанқызы **НАУШАБАЕВА** - Бас редактор
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Сандуғаш ЖАҚЫПОВА - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86.
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30.
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 452 53 53

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтөу, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Байқоңыр.

Жазылу индексі **65836**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Таратын саны: №162 Тапсырыс: 8000

Нөмірдің кезекші редакторы - Әйгерім ӘЛШЕКОВА



РАХИМА ПЛАЗА

сауда ойын-сауық орталығы

*Заманауи
үлгідегі базасы
арзан сауда
орталығы*

- Балалар үшін керемет демалыс орын
- Ерлер, әйелдер және балалар киімдері
- Дәріхана мен асхана
- бесикарбалар мен велосипедтер
- бөлме гүлдері мен картиналар
- алуан түрлі ыдыстар, астаулар




**Мекенжайы: Шымкент қаласы,
«Нұрсәт» м/а.**

Психологиялық тест: өз мінезіңді таны

Көз – жанымыздың айнасы

Көзге байланысты психологтар ерекше тест түрін ойлап тапты. Суреттегі 9 көзге қарап, ұзақ ойланбай, біреуін таңдаңыз. Ойланып, таңдаудың қажеті жоқ. Қайсысы сізге көбірек ұнады, соны таңдауыңыз керек.



1. Егер сіз 1-көзді таңдасаңыз, демек басты қасиетіңіздің бірі – көңілділік. Сіз әрбір жаңа танысқа қуанатын адамсыз. Кез келген адамға жүрегіңіздің есігін ашып, жайдары қарсы алуға дайынсыз. Салдарында талай рет қателесіп, қапаланасыз. Өзгелерге қорқынышыңыз бен сенімсіздігіңізді білдіртпейсіз. Өз проблемаларыңызды өзіңіз шеше алатыныңызға сенімдісіз. Сонымен қатар, басқаларға да қол ұшын беруге дайын тұрасыз.

2. Сіздің басты қасиетіңіз – адалдық. Өзгелерге жақсы әсер қалдыру үшін, барыңызды салуға дайынсыз. Бәрін дұрыс жасауға тырысасыз. Адамның іс-әрекетіне қарап, оған баға беруге болады деп санайсыз. Күйзеліске түскенде не көңіл-күйіңіз төмен болғанда, ешкімге тіл қатпауға тырысасыз. Әлем сіздің қынжылған, ашулы не мазасыз күйіңізді көрмеуі керек деп есептейсіз. Өзіңізді өзгелерге арнау үшін өмір сүресіз.

3. Егер 3-ті таңдасаңыз, дәл қазір өзіңізді бақытсыз сезінуіңіз мүмкін. Өткеннің естелігі қазіргі күнге әсер етеді. Өмірді қатігез деп санайсыз. Өзіңізге жайлы орын іздеумен келесіз. Беймаза ойларыңызды ешкімге айтпауды жөн көресіз. Өйткені, ақырында бәрі өз орнына келетініне сенімдісіз. Бұл өткініші,

ауыр кезең екенін жақсы түсінесіз.

4. Сіз – нағыз философсыз. Сіз әлемдегі барлық нәрсенің «түпкі себебін» табуға әуес адамның бірісіз. Басқа ешкімнің мазасын алмайтын сұрақтар жайлы ойланып, әлемнің «құрылымын» түсінуге ұмтыласыз. Бір уақытта бірнеше нәрсе туралы тереңнен ойланып, жауабын табуға тырысасыз. Жауабы табылған сұрақты қойып, жаңа жұмбақты шешуге кірісесіз. Әлем сіз үшін – үлкен жұмбақ. Оның шешімін тауып, не істейтініңізді білмесеңіз де, іздеуді тоқтатпайсыз.

5. 5-көз – ақылға сыймайтын жұмбақ жан. Сіз әлі күнге дейін өмірдегі өз орныңыз бен кім екеніңізді таппадыңыз. Дегенмен, тырысуды тоқтатпайсыз. Кеңіл-күйіңіз сағат сайын ауысып тұрады. Өзіңіз жайлы әңгімелегенді ұнатпайсыз. Көп сөйлегенді жақсы көрмейсіз. Бірақ, біреудің әңгімесін тыңдағанды қызық көресіз.

6. Басты қасиетіңіз – аса сезімталдылық. Сіз – айналаңыздағы болып жатқан жайттың бәрін бүгешігесіне дейін байқайтын және есіне сақтайтын адамсыз. Мұның арқасында әлеммен үндесе аласыз. Сезімдеріңіз әрқашан терең, әрекетіңіз кейде ақылға қонымсыз болса да, сүйкімді көрінеді. Сізді күлдіру де, жылату да оңай. Дегенмен, сіз өзгелерге өз нәзіктігіңізді білдіртпеуге тырысасыз.

Оның орнына ақылдылығыңыз бен даналығыңызды көрсетесіз. Жалпы, сіз позитивті тұлғасыз. Сондықтан, өмірден тек жақсылықты күтесіз. Өмірде болып жатқан қызықты, ерекше жайттар жайлы бірінші білуге ұмтылатын адамсыз.

7. Энергиясы мол адамсыз. Тұла-бойыңыздағы энергия әлемді ерекше етіп көруге көмектеседі. Сезімдеріңіз үнемі шектен шығуға жақын тұрады. Шын жүректен сүйіп, шын жүректен жек көре аласыз. Кез келген сұраққа қатысты өз пікіріңіз бар. Энергияңызды уайымдауға жұмсауға үйірсіз. «Бәрі маған қарап тұр, маған сенеді» деген ауыр жүкті арқалап жүргендейсіз.

8. Сіз – ережеге бағынбайтын жансыз. Сіздің қызығушылықтарыңыз бен ұстанымдарыңыз өзгелердікіне ұқсамайды. Басқалар үшін сіз «біртүрлі адамсыз». Бірақ сізді мұндай пікірлер алаңдатпайды. Сіз дәстүр мен ережеге бағынбайсыз. Өз жолыңызды іздеумен боласыз. Егер оны табу үшін талай жерден сүріну керек болса, оған да дайынсыз. Жақындарыңыздан ешнәрсені жасырмайсыз, бірақ өз пікіріңізді де орынсыз айта бермейсіз. Әркімнің өз жолы бар, әр адам – ерекше тұлға екенін түсінесіз. Сол себепті біреу сізді сынап, мінесе, ойыңға айналдырып жіберіп, аса мән бермейсіз. Дегенмен, өзіңізге ұқсас адамды іздейсіз.

9. Ішкі дауысыңызға сенесіз. Сіз – қоршаған орта мен әлемді сезе алатын адамсыз. Адамның сезімі мен ойын сөзіне қарап емес, дауысына, жүріс-тұрысына қарап білесіз. Бала кезіңізден бастап адамдарды жақсы танысыз. Біреудің ойы мен өзгелерге білдіртпейтін қасиеттерін байқай аласыз. Бұл білім сізге өмір жолында да, мансапта да талай рет көмектесті. Біреу біреуді арбаса, алдаса бірден сезіп, білесіз. Сол себепті сізді де алдау өте қиын.

Жарамсыз деп танылсын

*** Жеке кәсіпкер Кулиева А.М. атына берілген 2006 жылы шыққан, зауыт №1452918, Миника 1102 Ф маркалы кассалық аппараты, чек кітапшасы, тіркеу картасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Ахметова Айсара Халиловна атына берілген 2008 жылы шыққан зауыт №01009230, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, чек кітапшасы, тіркеу картасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Умиржанова Айман Закарияновна атына берілген 2002 жылы шыққан, зауыт №1278699, ЭКР 2102 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Амралиева Айгерим Алиевна атына берілген 2007 жылы шыққан зауыт №АА00763973, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, чек кітапшасы, тіркеу картасы, нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер «Аспан» атына берілген 2014 жылы шыққан зауыт №00520562, Меркурий 130 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Тастанбекова Хатира атына ОҚО, Сарыағаш ауданы, Қапалбек а/о., Тың елді мекені бойынша берілген кадастрлық №19-296-015-141 мемлекеттік АКТ жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Тастанбекова Хатира атына ОҚО, Сарыағаш ауданы, Қапалбек а/о., Тың елді мекені бойынша 04.02.2006 жылы берілген техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Тастанбекова Хатира атына ОҚО, Сарыағаш ауданы, Қапалбек а/о., Тың елді мекені бойынша 12.12.2005 жылы берілген №342 шешім жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Алимбаев Максатбек Еркимбекович атына Ішкі Істер департаментінен берілген қызметтік куәлік жоғалуына байла-

Открылось наследство

*** Умер Сман Багдаулет Денисұлы. Дата смерти: 12.05.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тулеметовой Ф.К. по адресу: г. Шымкент, ул. Жангельдина, 32. Тел.: 56-11-49

*** Умерла Кистаубаева Гульнара Егемкуловна. Дата смерти: 20.06.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманбаевой Г.Л. по адресу: г. Шымкент, 3 мкр., дом 3 «В».

О ликвидации

течение месяца по адресу:

г. Шымкент, Енбекшинский район, 18, дом 9, кв. 80,

*** ТОО «МZH GROUP» объявляет о своей ликвидации. Все претензии принимаются в

**Требуются переводчики
КИТАЙСКОГО
ЯЗЫКА**

Тел.: 8 771-638-22-88

**Ремонт телевизоров
и спутниковых
антенн**

Тел.: 56-17-58, 8 702-243-45-54,
8 771-670-72-37

**Мекеме
басшысына
көмекші,
бас есепшіге
көмекші,
оператор-
программист
қажет.**

Тел.: 8 777-236-83-38

(Справка о гос. Рег. №3197-1945-01-ЖК
26.12.2017 г. МЮ РК УЮ г. Павлодара)

**Жилищный
кооператив
«ТВОЁ
ЖИЛЬЕ»**

Квартира в рассрочку
под 7 % годовых.

Тел.: 8 705-252-28-44